

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымының

2020 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2-бөлім

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

КІРІСПЕ

1-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

- 9 1.1. Оқу жоспарларын әзірлеу және қайта қарау

2-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

- 11 2.1. Оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)
- 13 2.2. «Жүйелік-әдістемелік кешен» порталы
- 13 2.3. Кітапханалар
- 14 2.4. Басылымдар

3-ТАРАУ. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

- 21 3.1. Тәрбие жұмысы

4-ТАРАУ. ҚР ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫН КӘСІБИ ДАМУ

- 25 4.1. ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламалары
- 27 4.2. Тренерлер құрамын дайындау
- 29 4.3. ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттыру
- 30 4.4. Курстық оқыту сапасының мониторингі
- 32 4.5. Педагог кадрларды курстан кейін қолдау
- 32 4.6. Педагог кадрларды әдістемелік қолдау

5-ТАРАУ. ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ АЯСЫНДАҒЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

- 41 5.1. Зияткерлік мектептер - Аймақтардағы әдістемелік орталықтар
- 42 5.2. Тәжірибені ұлттық деңгейде тарату

6-ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ЮНЕСКО	Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мамандандырылған мекемесі
ЮНИСЕФ	Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) қамқорлығымен жұмыс істейтін халықаралық ұйым
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ДББҰ	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
АҚ	акционерлік қоғам
ОӘК	оқу-әдістемелік кешен
ЖӘК	жүйелік-әдістемелік кешен
БББО	Білім беру бағдарламалары орталығы
ПӨО	Педагогикалық өлшемдер орталығы
ПШО	Педагогикалық шеберлік орталығы
БҒССҚК	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
«Өрлеу» БАҰО» АҚ	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы
ТЖКБ	техникалық және кәсіптік білім беру
БАК	біліктілікті арттыру курстары
ЖАОК	жаппай ашық онлайн курс
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тестілеу
ОЖСБ	оқу жетістіктерін сырттай бағалау
ҰТО	Ұлттық тестілеу орталығы

КІРІСПЕ

Қазақстанның білім беру саясатында білім сапасын арттыру мен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізуге, жоғары сыныптарда көптілді оқыту моделін енгізуге, мектепте оқыту стандарттарын жаңартуға бағытталған болашақ қадамдар белгіленген.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 8 сәуірдегі тапсырмасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне тәжірибені тарату жұмысын жүйелі түрде жүргізуде, бұл ұйым қызметінің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

ДББҰ тәжірибесін тарату жұмысы ДББҰ-ның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясы (Жоғары Қамқоршылық кеңестің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен бекітілген), 2014-2028 жылдарға арналған Білім беру мазмұнын жаңарту жол картасы (2014 жылғы 18 тамызда ҚР БҒМ бекіткен), 12 жылдық білім беруге көшу жөніндегі 2014-2027 жылдарға арналған жұмыс жоспары (ҚР БҒМ-ның 2014 жылғы 21 тамыздағы № 358 бұйрығы), 2020 жылға дейінгі Тәжірибені тарату жоспары (ДББҰ Басқармасының 2018 жылғы 23 сәуірдегі №22 шешімі), 2023 жылға дейінгі Тәжірибені тарату жоспары (ДББҰ Басқармасының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 58 шешімі) аясында жүзеге асырылуда.

ДББҰ тәжірибесін тарату бірнеше бағытта жүйелі түрде жүзеге асырылады: білім беру мазмұнын жаңарту, педагог мамандарға әдістемелік қолдау көрсету, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдері, ұлттық деңгейдегі әріптестік және халықаралық ынтымақтастық.

2020 жылғы тәжірибені тарату жұмысының негізгі нәтижелері:

- Қазақстан Республикасының барлық жалпы орта білім беру жүйесінің жаңартылған білім беру мазмұнына көшу аяқталды;

- аумақтарда еліміздің 26 мыңнан астам педагогі қатыстырылған ҚР БҒМ Республикалық тамыз конференциясының секциялық отырыстары ұйымдастырылып, өткізілді;

- Қазақстанда алғаш рет ПШО ДББҰ-ның біліктілікті арттыру курстарының 10 бағдарламасы халықаралық сапа стандарттарына сәйкестік сертификатын алды;

- білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламалары бойынша мұғалімдердің тиімділігін арттырудағы теңдессіз тәжірибесі мен қызметі бағаланып, ДББҰ ПШО UNESCO Hamdan сыйлығының алғашқы ондығына кірді;

- алғаш рет ДББҰ stepik.org халықаралық платформасында қазақ және орыс тілдерінде көпшілік қатысатын «ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҮЙРЕНЕМІН» және «БАҚЫТТЫ АТА-АНА - ТАБЫСТЫ БАЛА» атты 2 ашық онлайн-курсын іске қосты;

- ДББҰ Қарағанды, Қызылорда, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктерімен, «AitasKz» АҚ, «Bilim Foundation» ҚҚ-мен бірлесіп еліміздің 14 ауылдық мектебінде «Ауыл мектебі» жобасын жүзеге асырды.

Тәжірибенің таралу аумағы ел іргесімен шектеліп қалған жоқ. Алдыңғы жұмыстың жалғасы ретінде ДББҰ қызметкерлері тек 2020 жылдың өзінде ғана бірқатар білім беру іс-шараларын, кездесулер мен кәсіби ынтымақтастық сұхбаттарын өткізіп, жинақталған тәжірибені Ресей (ХМАО-ЮГРА), Түрікменстан және Өзбекстандағы әріптестеріне таратты.

Осы есепте ДББҰ-ның отандық білім беру жүйесіне және халықаралық білім беру кеңістігіне тәжірибе тарату қызметінің материалдары ұсынылған.





БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

1.1


Оқу жоспарларын әзірлеу
және қайта қарау

1.1. Оқу жоспарларын әзірлеу және қайта қарау

«Цифрлық Қазақстан» (5.4-т. «Адами капиталды дамыту») мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2018-2019 жылдары 1-4-сыныптарға арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», 5-9-сыныптарға арналған «Информатика» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 17 қазандағы №576 бұйрығы), 10-11-сыныптарға арналған қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық

бағыттағы «Информатика» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығы) пәндерінен жаңа оқу бағдарламалары қайта қаралып, бекітілді.

Жаңа оқу бағдарламаларына робот техникасы, бағдарламалау және 3D-басып шығару бөлімдері енгізілді. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқыту 1-сыныпқа ауыстырылды (бұрын оқыту 3-сыныптан басталатын). Жаңа оқу бағдарламалары жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне енгізілуде:



2020 жылы «Информатика» пәнінен 5, 6-сыныптардың орта мерзімді жоспарларын қайта қараудан 2 семинар, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен 1-сыныптардың орта мерзімді жоспарларын әзірлеуден 1 семинар өткізілді. Елімізде карантиннің күшеюіне байланысты тәжірибені тарату аясындағы барлық іс-шаралар онлайн режимде өткізілді. Онлайн семинарлар қорытындысына сәйкес 1 құжат әзірленіп, 2 құжат қайта қаралды. Құжаттар ЖЭК порталында орналастырылған <http://www.smk.edu.kz/Course/Type/30/190?redirectto=1002>.

Есептік жылы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына бірқатар өзгерістер енгізілгенін айта кеткен жөн. 2021-2022 оқу жылынан бастап бірінші сынып оқушылары «Әліппе» және

«Ана тілі» пәндерін оқитын болады. ҚР БҒМ тапсырмасына сай Білім беру бағдарламалары орталығы осы пәндердің оқу бағдарламаларын әзірледі. «Әліппе» оқу бағдарламасы бірінші жартыжылдықта, ал «Ана тілі» оқу бағдарламасы екінші жартыжылдықта оқытылады. Сәйкесінше, оқыту орыс және басқа тілдерде жүргізілетін сыныптарда «Букварь» және «Обучение грамоте» пәндері оқытылады.

Бірыңғай оқу бағдарламаларын дайындау мақсатында ҚР БҒМ жұмыс тобын құрды, оның құрамына еліміздің жетекші тіл мамандары, әдіскерлер, бастауыш сынып мұғалімдері және «Әліппе» оқулықтарының авторлары кірді. Аталған жұмыс тобына ДББҰ Білім беру бағдарламалары орталығының мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бөлімінің қызметкерлері қатысты.



БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

2.1

Оқу-әдістемелік
кешендер

2.2

«Жүйелік-әдістемелік
кешен» порталы

2.3

Кітапханалар

2.4

Басылымдар



2.1. Оқу-әдістемелік кешендер

1-сыныпқа арналған ОӘК қайта қарау

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақ және орыс тілдеріндегі «Математика», «Жаратылыстану», «Дүниетану», «Музыка», «Көркем еңбек», сондай-ақ «Қазақ тілі (екінші тіл ретінде)», «Орыс тілі (екінші тіл ретінде)» және «Әліппе», «Ана тілі» (бұдан әрі - оқулықтар) пәндерінен 1-сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер қайта қаралды.

ҚР БҒМ тапсырмасымен оқу бағдарламаларын қайта қарауға тартылған 43 автор қашықтан оқыту курсынан өтті (72 академ. сағ) «Педагогика ғылымдары академиясы» ҚБ-да «Оқулықты әзірлеу және авторлардың кәсіби дағдыларын жетілдіру әдіснамасы» тақырыбында семинар өткізілді.



Оқулықтарды қайта қарау оқу бағдарламасы мен ҚР МЖМБС-тағы минималды және жаһандық өзгерістерді ескере отырып жүргізілді, атап айтқанда «Сауат ашу» оқулығының атауы «Әліппе» болып өзгертілді.

Кешенді-эстетикалық және лингвистикалық бағыттағы пәндердің авторлары қайта қарау жобасына өтеусіз негізде тартылды. Барлық оқулықтар 2020 жылдың тамыз-қараша айларында алғашқы пәндік сараптамаға жіберілді. «Әліппе» және «Ана тілі» пәндерінің оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері еліміздің пилоттық мектептерінде сынақтан өтеді.



Зерттеу дағдылары мен сыни ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар 1-сыныпқа арналған оқулықтардың ерекшелігі болып табылады; оқушылардың ой-өрісін кеңейтетін жаңа айдарлар әзірленді. 2021 жылы АР NIS толықтырылған шынайылық қолданбаларын әзірлеу жоспарлануда.

Оқулықтарда қазақстандық ақындар мен композиторлардың музыкалық шығармалары, ДББҰ-ға тегін пайдалануға айрықша емес авторлық құқық берген атақты суретшілердің суреттері пайдаланылған. Сондай-ақ, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрынан, «Астана Балет» театрынан, ҚР Қорғаныс Министрлігінен, «Хабар» Агенттігі» АҚ-дан бейне- және фотоматериалдарға рұқсат алынды.



2-сыныпқа арналған ОӘК-ті қайта қарау

2020 жылдың қарашасында Қазақ және орыс тілдерінде «Математика», «Жаратылыстану», «Дүниетану», «Музыка», «Көркем еңбек» пәндерінен 2-сыныпқа арналған, сондай-ақ «Қазақ тілі (бірінші тіл ретінде)», «Қазақ тілі (екінші тіл ретінде)», «Әдебиеттік оқу», «Русский язык (как второй язык)» және «Литературное чтение» пәндерінен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді қайта қарау мақсатында БББО-ның 47 қызметкерінен тұратын жобалық топтар құрылды. Жобаға ДББҰ филиалдарынан және басқа ұйымдардан 50 әзірлеуші автор тартылды. Бірінші оқыту семинарын 2021 жылдың қаңтарында, каникул уақытында өткізу жоспарлануда.

5-сыныпқа арналған ОӘК-ті қайта қарау

2020 жылдың қарашасында қазақ және орыс тілдерінде «Математика», «Жаратылыстану», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен 5-сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді қайта қарау үшін БББО-ның 25 қызметкерінен тұратын жобалық топтар құрылды. Жобаға ДББҰ филиал-


дары мен басқа да ұйымдардан 17 әзірлеуші автор тартылды. Бірінші оқыту семинары 2021 жылдың қаңтар айындағы демалыс уақытына жоспарланып отыр.

7-сыныпқа арналған ОӘК-ті қайта қарау

2020 жылдың қараша айында қазақ және орыс тілдерінде «Көркем еңбек (ұлдар үшін)», «Көркем еңбек (қыздар үшін)», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 7-сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді қайта қарау үшін БББО-ның 18 қызметкерінен тұратын жобалық топтар құрылды. Сондай-ақ жобаға ДББҰ филиалдарынан және басқа ұйымдардан 9 әзірлеуші автор тартылды, алғаш оқыту семинары 2021 жылдың қаңтар айындағы демалыс уақытына жоспарланып отыр.

Әдістемелік құралдар

2020 жылы электрондық форматта store.nis.edu.kz интернет дүкені арқылы бастауыш, негізгі және жоғары мектеп мұғалімдеріне арналған қысқа мерзімді оқу жоспарлары жинақтарының 32 атауы әзірленіп, жүзеге асырылуда.



ДББҰ ПӨО білім алушыларының оқу жетістіктерін критериялды бағалаудан еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында 11-сынып пәндерінен төмендегідей материалдар әзірленіп, берілді:

- қалыптастырушы бағалауға арналған 64 тапсырмалар жинағы;
- жиынтық бағалаудан 58 әдістемелік ұсыным;
- тоқсан ішіндегі жиынтық бағалауға 58 сипаттама.

Сонымен қатар 4, 9, 10-сыныптарға (жылдық бағасы «қанағаттанарлықсыз» болған оқушылар үшін) арналған пәндер кесіндісінде оқу жылы үшін жиынтық бағалаудың 100 қосымша сипаттамасы дайындалды.

2.2. «Жүйелік-әдістемелік кешен» порталы

Елімізде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім беру бағдарламасының тұжырымдамалық тәсілдемелеріне негізделген білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізуге байланысты 2016 жылдың 18 тамызынан бастап Жүйелік-әдістемелік кешеннің онлайн платформасы жұмыс істейді (www.smk.edu.kz).

ЖӘК-тің негізгі мақсаттары: жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне **әдістемелік және ресурстық қолдау көрсету**; жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің **желілік өзара әрекеттесуін** дамыту; білім беру жүйесінің педагог қызметкерлері үшін **бірыңғай ақпараттық кеңістік құру**.

Тиісті сыныптарға арналған контент жаңартылған білім беру мазмұнын кезең-кезеңімен енгізуге сәйкес ЖӘК-ке жүктеледі.

2020 жылы ЖӘК-ке жүктелген құжаттар:

- 11-сыныпқа арналған қазақ және орыс тілдеріндегі орта мерзімді жоспарлар, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау түріндегі 138 құжат (<http://www.smk.edu.kz/Course/Type/30/190?redirectto=1002>).

- Оқу бағдарламаларын іске асыру үдерісінде оқушылардың оқу сауаттылығын, математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын, география сабақтарында жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамыту, оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауға бағытталған PISA зерттеуіне дайындауға қатысты қазақ және орыс тілдерінде әзірленген **8 әдістемелік ұсыным**. Барлық әдістемелік ұсыныстар халықаралық және зерттеу жобалары бөлімінде мына сілтеме бойынша орналастырылған: <http://www.smk.edu.kz/Course/Type/40/1221?redirectto=1212>

Порталда **1-11-сыныптарға** арналған **174 100** материал орналастырылған.

Жұмыс істеген жылдар ішінде ЖӘК платформасы педагог мамандардың кәсіби қарым-қатынасының әдістемелік алаңына айналды.

Тіркелген пайдаланушылардың жалпы саны: **373 495**.

Кіріп-шығу саны: **17 849 095**.

Материалдардың қаралым саны: **15 389 543**.

Жүктелген файлдар саны: **75 515 695**.

Форумдағы хабарламалар саны: **4 595**.

БАРЛЫҚ бөлімдердегі жарияланған файлдардың жалпы саны: **189 719**.

2.3. Кітапханалар

2020 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітапханашылары 102 жалпы орта білім беретін мектептің 457 қатысушысына 17 семинар өткізді.

Семинарларда оқу арқылы оқушылардың жеке құзыреттіліктерін дамыту, гуманитарлық құндылықтарды, мотивациялық әдістемелерді қалыптастыру тақырыптарына назар аударылды.

2020 жылдың 16-17 қыркүйек күндері «Ауыл мектебі» жобасы аясында Үлкен Нарын ауылындағы жалпы орта білім беру мектебі, С. Ластаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі және Р. Мәрсеков атындағы жалпы орта білім беру мектебінің кітапханашыларына арналған «Ақпараттық сауаттылық және оны мектеп ортасында қалыптастыру әдістері» тақырыбына семинар өтті.

Семинар барысында мына тақырыптарға тәжірибелік жұмыстар жүргізілді:

- білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарламаның шеңберінде оқушылардың ақпараттық және танымдық құзыреттілігін дамыту – PISA;

- тәрбие жұмысын көрнекі кітаптар арқылы жүргізу: шығармашылықты және рефлексия қабілетін дамыту;

- оқушылардың жеке құзыреттілігін қалыптастырудағы мектеп кітапханасы мен ата-аналардың өзара іс-әрекеті;

- ZipGrade онлайн-қолданбасы арқылы тесттерді құру және тексеру.


Сонымен қатар, «Әдеби джем», «Book Bingo», «Құндылық сөздігі» тақырыптарында Activity өткізілді. Мектеп кітапханашылары семинарда бастан-аяқ белсене қызмет көрсетті, ұсынылған материалдар мен пайдаланылған әдістемелер үлкен қызығушылық тудырып, рефлексия барысында қатысушылар өз пікірлерімен және алдағы уақыттарда алған білімдері мен материалдарды өз жұмыстарына қалай пайдаланатындығымен бөлісті.

Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату аясында жалпы білім беретін мектептердің кітапханалары өз жұмыстарына бірқатар жобаларды, ақпаратпен жұмыс істеу әдістерін, акцияларды, кітапханалардың инновациялық формалары мен жұмыс әдістерін енгізуде.

Жалпы білім беретін мектептердің кітапханаларына мектепте оқуға арналған «100 кітап», «READx», «Readx», «Sciku» (ғылымды поэзия арқылы жеткізу), «1, 2, 3» «Барлығын таста да, оқы», «Book Start» инновациялық жобалары, сабақтарда «Keyword Hexagon» әдісі, «Book Bingo» ойындары және зияткерлік карта, «Book

Puzzle» қолданылып, «Жеуге жарамды кітаптар», «Кітап әлемді жаулап алады» сияқты акциялар енгізілуде.

«Bookcrossing» акциясы жалпы білім беретін мектептерде бүкіл республика аумағында енгізіледі, «Библиосумерки» интерактивті іс-шарасы өткізіледі, онда балаларға әртүрлі интерактивті іс-шаралар ұсынылады (оқыған шығармаларға байланысты ойындар, онлайн сауалнамалар, сахналық қойылым және т.б.), кітапханашылар және педагог мамандармен бірігіп кіріктірілген сабақтар өткізіледі. Мектептерде оқушыларға арналған оқу клубтары және «Отбасылық оқу» клубы пайда болды.



Сондай-ақ Зияткерлік мектептердің кітапханалары әлеуметтік желілерде жалпы білім беретін мектептер мен көпшілік кітапханалардың кітапханашылары үшін тәжірибе алмасу және өз бетінше білім алуға арналған әдістемелік алаңдар қызметін атқарады. Зияткерлік мектептердің барлық кітапханалары Facebook платформасында қатысушылардың тәжірибе алмасуына ғана емес, олардың кітапхана жұмысы саласындағы жаңа әдістер мен формаларды зерттеуіне мүмкіндік беретін кәсіби даму топ-

тарын модерациялайды. Бұл өз кезегінде Зияткерлік мектептер кітапханаларының тәжірибесін тиімді таратуға және жұмыстың үздік әдістері мен бағыттарын үнемі іздеу мен зерделеуге жол ашады.

2.4. Басылымдар

2020 жылы әдістемелік құралдардың 70 атауы әзірленді, «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналының (бұдан әрі - Журнал) 4 нөмірі шығарылды.

Ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз

ету жұмысы үш бағытта іске асырылады:

- «Педагогикалық диалог» («Педагогический диалог», «Pedagogical Dialogue») ақпараттық-әдістемелік журналын шығару;
- мектепте оқыту мен сабақ берудің жаңартылған тәжірибесі мәселелеріне қатысты әдістемелік әдебиет шығару;
- әдістемелік ресурстарды www.cpm.kz білім беру порталында орналастыру.

Жалпы білім беретін мектептердің педагог мамандары, әдістемелік орталықтардың, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің, облыстық білім басқармаларының қызметкерлері жыл сайын әдістемелік басылымдармен қамтамасыз етіледі.

«Ауыл мектебі» жобасы аясында 14 ауыл мектебі әдістемелік құралдармен және журналдармен қамтамасыз етілді. Өтеусіз берілген материалдардың жалпы саны 1260 дананы құрады.

«Педагогикалық диалог» журналы

Кембридж университетінің (Ұлыбритания) Білім факультетінің сарапшыларымен бірігіп 2012 жылдан бастап қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Педагогикалық диалог» журналы шығарылады¹.

Журналда білім берудің отандық және әлемдік озық тәжірибелері, тәжірибелік бағыттағы маңызды ғылыми-педагогикалық жетістіктер, ғалымдар мен педагог мамандардың педагогикалық зерттеулерінің нәтижелері туралы ақпараттық және талдамалық мақалалары жарияланады.

Журналдың тақырыптық бағыттары:

- халықаралық ынтымақтастық;
- мектепті басқару;
- сандық білім беру;
- оқыту әдістемесі мен технологиялары;
- критериялды бағалау;
- білім беру мазмұнын жаңарту;
- мұғалімнің тәжірибесіндегі зерттеу.

2012 жылдан бастап 2020 жылға дейін журналдың 34 нөмірі 68.000 дана таралыммен жарық көрді. Шығу жиілігі – жылына 4 нөмір, 2000 данадан.

2020 жылы мектепте білім беруді дамытудың өзекті мәселелері жөнінде журналдың 4 нөмірі шығарылды:



«Эмоционалды интеллект»,
«Қашықтан білім беру»,
«Оқушының сау-саламат мекені»,
«Ауыл мектептері».



№1 (31) саны. «Эмоционалды интеллект» тақырыбына арналған. Журналда Қазақстан, Америка Құрама Штаттары, Үндістан, Египет, Гонконг, Италия, Ресей, Беларусь және Өзбекстан ғалымдары мен педагог мамандарының дарындылыққа тәрбиелеу, жасөспірімдер мазасыздығының алдын алу, дивергентті ойлауды дамыту, мұғалімдер мен оқушылардың әлеуметтік және эмоциялық дағдыларына қатысты мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулерінің нәтижелері мен шолулары ұсынылған. Бастауыш мектепте эмоциялық тәрбиеге ықпал ету тәжірибесі, пәндерді кіріктіру арқылы сабақта эмоциялық мәдениетті қалыптастыру туралы мақалалар жарияланған.



№2 (32) саны «Қашықтан оқыту» тақырыбына арналған. Оқырманды Қазақстандағы қашықтан білім берудің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы, виртуалды оқыту құралы ретіндегі вебинарлар тиімділігінің мәселелері, цифрландыру дәуірінде өзекті болып отырған жаңа мамандықтарға шолулар, сондай-ақ Қазақстан, Ұлыбритания және Палестина ғалымдарының зерттеу нәтижелері, сол елдердегі қашықтан білім беру ерекшеліктері туралы сұрақтар қызықтыруы мүмкін. Журналды оқи отырып әрбір педагог қазақстандық әріптестерінің мектеп пәндерін қашықтан оқыту тәжірибесімен таныса алады.

¹ Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде (ПН012804-Ж куәлігі) және ISSN сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі халықаралық орталықта (ЮНЕСКО, Париж қ., Франция) тіркелген (ISSN 2308 – 7668).



№3 (33) саны «Оқушының сау-саламат мекені» тақырыбына арналған. Бұл нөмірде оқырман «Баланың сау-саламат мекенін қалай құруға болады?» және «Мектеп ортасын барынша жағымды етіп қалай қалыптастыруға болады?» деген сұрақтарға жауап таба алады. Авторлардың ойынша мектептегі үлгерім оқушының өз өміріне қанағаттануына оң әсерін тигізеді, ата-аналарымен орнатылған сенімді қарым-қатынас оларды өздерін жоғары бағалауға үйретіп, агрессияны жояды, құрдастарымен достық қарым-қатынас әлеуметтік бейімделуге әсер етеді. Қазіргі заманда оқушы осалдығының педагогикалық мәселелері ғана емес, сонымен қатар педагогтердің эмоцияларды басқаруы мен психологиялық саулығын сақтау мәселелері де қарастырылады.



№ 4 (34) саны «Ауыл мектептері» тақырыбына арналған. Журнал мазмұны ауылдық жерлердегі мектепте білім беруді дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесін, қашықтан оқытуды іске асыру мәселелерін көтеретін мақалаларды қамтиды. Ауыл мектептерінің алшақтығы мен артта қалу үрдістері, қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы мәселелері қарастырылды. НЗМ ДББҰ «Ауыл мектебі» жобасы аясында еліміздің алты өңіріндегі 14 білім беру ұйымдарындағы оқушылардың білім сапасын арттыру нәтижелерін ұсынды. Авторлар ауылдық мектептердегі оқу-тәрбие үдерісін зерттеу нәтижелеріне, оның ішінде сабақ пен оқу жетістіктерін бақылаумен байланысты егжей-тегжейлі ақпаратпен бөлісті.

2020 жылы журналда 77 автордың мақаласы жарияланды, оның: 26-сы – шетелдік ғалым-практиктер, халықаралық сарапшылар мен кеңесшілер, 13-і – НЗМ мұғалімдері, 17-сі – ПШО қызметкерлері, 7-уі – жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдері, 6-уы – ДББҰ өкілдері, 2-уі – ҚР БҒМ ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, 1-уі – «Bilim Media Group» өкілі, 1-уі – «BTS Education» өкілі, 1-уі – ЮНЕСКО өкілі, 2-уі – ЮНИСЕФ өкілі және 2-уі – Назарбаев университетінің магистрі.

Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Палестина,

Беларусь Республикасы, Гонконг, Үндістан, Египет, Қырғызстан, Пәкістан елдерінің ғалымдары мен білім беру сарапшыларының мақалалары жарияланды.

Журнал арқылы мектепке дейінгі және мектептегі білім беру жүйесін дамыту тәжірибесін тарату білім беру деңгейлерінің өзара іс-қимылының тұтас көрінісін, оқыту мен білім берудің мазмұны мен әдістерінің сабақтастығын, педагогикалық практиканы өзгертудің оң тәжірибесін бақылауға, өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдарын көрсетуге мүмкіндік береді.

Кесте. Журналдың ғылыми-әдістемелік мақалалары авторларының сапалық құрамы (2020 ж.)

Страна	Маман	Магистр	PhD	Профессор	Барлығы
Ұлыбритания	1		4	1	6
Палестина	1		1		2
Беларусь	1	1	1		3
Гонконг			1		1
АҚШ		1	1	1	3
Үндістан	1				1
Мысыр	1				1
Ресей	2		2		4
Пәкістан			1		1
Қырғызстан			1		1
Қазақстан	38	6	10	1	55
Барлығы	45	8	22	3	78

Журнал беттерінде білім беру тәжірибесін жетілдіруге бағытталған іргелі және қолданбалы психологиялық-педагогикалық зерттеулердің, әдістемелік ұсынымдардың нәтижелері жан-жақты және шынайы жарияланатын бірыңғай ақпараттық кеңістік құрылған.

2020 жылы ақпараттық-талдамалық шолулардың, ғылыми-зерттеу және әдістемелік мақалалардың жалпы саны **58 жарияланымды** құрады, оның ішінде:

- 47%-ы шетелдік практик ғалымдар, халықаралық білім беру сарапшыларының жарияланымдары, бұл халықаралық білім беру кеңістігі өкілдерінің отандық білім беру тәжірибесінде болып жатқан өзгерістерге деген аса қызығушылығын көрсетеді.
- 53%-ы Назарбаев Зияткерлік және жалпы білім беретін мектептерінің ғалымдары, әдіскерлері, педагог мамандары мен басшыларының критериалды бағалауды, оқу мен оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын тәжірибеге енгізу, зерттеу тәжірибесін ұйымдастыру және

курстан кейінгі әдістемелік қолдау мәселелеріне қатысты жарияланымдары.

Әдістемелік әдебиет


2020 жылы Педагогикалық шеберлік орталығы **70 әдістемелік құралды** басып шығарды. Сонымен қатар 2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін таралымға **493 әдістемелік құрал** түсті.

Әдістемелік құралдарды авторлар өзекті білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, қолданбалы және теориялық педагогиканың, психологияның, менеджменттің және басқа да әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің өзекті мәселелеріне арнап әзірледі. Оқу құралдары педагог мамандардың зерттеу мәдениетін, авторлардың педагогикалық зерттеудің әдістемесі мен техникасы туралы білімін, зерттеу дағдылары мен біліктері жүйесін, зерттеу қызметінің тәжірибесін ашады. Әдістемелік құралдар орта мектептің білім беру бағдарламаларының мазмұнын және оқу үдерісіне дайындалу ерекшеліктерін ашады.

Кесте. Филиалдардағы әдістемелік құралдардың жалпы саны

№	ОА/Филиалдар	Құрал саны
1	Нұр-Сұлтан	8
2	Ақтау	2
3	Ақтөбе	7
4	Алматы	7
5	Атырау	1
6	Қарағанды	2
7	Көкшетау	2
8	Қостанай	4
9	Қызылорда	6
10	Павлодар	6
11	Петропавл	3
12	Талдықорған	3
13	Тараз	3
14	Орал	4
15	Өскемен	1
16	Шымкент	11
Барлығы		70

Басып баспаға ұсынылған әдістемелік құралдарды шартты түрде мынадай жалпы тақырыптық блоктарға жіктеуге болады:



Бірінші блок «Мұғалімнің педагогикалық қызметі»

Бірінші тақырыптық блокта заманауи мектептегі мұғалімнің педагогикалық қызметінің ерекшеліктері ашылатын әдістемелік құралдар ұсынылған. Оқулықтарда педагог мамандардың педагогикалық коммуникация тәсілдері; мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың психологиялық және танымдық ерекшеліктері; сабақты зерттеу, бақылау және рефлексия; мұғалімнің зерттеу құзыреттілігі мен өзін-өзі реттеуін дамыту; «Action Research» ерекшеліктері; орта және жоғары мектептің негізгі пәндеріне қатысты жұмыстың ерекшелігі және педагогтің өз қызметін ұйымдастыру қабілеті; жиынтық бағалау туралы авторлық әзірлемелері ұсынылған.

Екінші блок «Мектеп менеджменті»

Екінші тақырыптық блокта мектеп мұғаліміне мектеп үшін маңызды шешімдер әзірлеуге және қабылдауға қатысу құқығы берілген кездегі оқу үдерісін басқару қағидаларын, әдістерін, ұйымдастырушылық формалары мен технологиялық тәсілдерін ашатын әдістемелік құралдар бар. Мұнда мектепті дамыту жоспарын дайындау, жобалық менеджменттің ерекшеліктері, сондай-ақ педагогикалық менеджмент жүйесіндегі инклюзивті білім беру мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, авторлар педагогикалық менеджментті заманауи мектептің тәжірибесіне енгізу қазақстандық білім беруді реформалау жағдайында барабар басқаруды жүзеге асыру қажеттілігінен туындағанын ерекше атап көрсетеді. Шынында да, бүгінде мектептер біркелкіліктен алшақтап, әртүрлі білім беру қызметтерін ұсынады, инновациялық үдерістерге қатысады. Бірақ мектептің мұндай түбе-

гейлі өзгеруі мұғалім мен оқушының өзгеруін талап етеді.

Үшінші блок «Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың стратегиялары мен тәсілдері»

Үшінші тақырыптық блокта қашықтан және электронды оқыту әдістері туралы оқулықтар қамтылған. Сонымен қатар, авторлар қашықтан оқыту технологияларының даму үрдістерін қазіргі қоғамдағы дағдарысқа қарағанда көбірек қарастырады. Бірнеше жыл бұрын қашықтан оқыту білім алудың мүмкін формасы ретінде қарастырылса, қазір қашықтан білім беру дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту формаларында жалпы білім беретін мектептерде сәтті қолданылуда. Авторлардың ойынша білім берудің болашағы икемді оқыту моделдерінде, оның ішінде қашықтан оқыту моделдерінде болатындығы күн сайын айқындалуда.

Филиалдар кесіндісіндегі әдістемелік құралдардың ерекшелігі

2020 жылы ұсынылған әдістемелік құралдардың авторлары Педагогикалық шеберлік орталығы филиалдарының қызметкерлері болып табылады. Бұл тұрғыда Шымкент, Ақтөбе, Алматы, Қызылорда, Павлодар қалаларындағы филиалдар ерекше белсенділік танытты.

Нұр-Сұлтан, Талдықорған, Қостанай, Орал қалаларындағы филиалдар ұсынған әдістемелік құралдардың кәсіби тұрғыдан маңыздылығы жоғары екенін атап өткен жөн. Бұл әдістемелік құралдарда мұғалімдердің күнделікті кәсіби қызметінде кездесетін мәселелер қарастырылған. Мысалы, оқу құралдарына қажетті материалды таңдау кезінде авторлар түрлі кәсіби дағдылар мен біліктерді дамытуға бағытталған мәтіндердің, жаттығулардың мазмұнын пысықтады.

Сонымен қатар авторлар мәтінмен жұмыс істеу кезінде ғылыми қағидаларды ұстанды. Мұны авторлардың оқу құралында қолданылған ақпаратты түсіну, жалпылау қабілеті көрсетеді. Мәтіндер проблемалық және дамытушы сипатқа ие. Олар педагог мамандарды кәсіби қызметінің шынайылығымен таныстырады.

Оқу құралын әзірлеуде пайдаланылған тіл оқырман үшін өте маңызды болып табылады. Педагогикалық шеберлік орталығы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленген оқу құралдарын ұсынады.

2020 жылы қазақ және ағылшын тілдерінде әзірленген оқу құралдарының саны артты. Бұл оқу құралдарында да өте өзекті және заманауи білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес келетін тақырыптардың қарастырылатынын атап өткен жөн.

Педагогикалық шеберлік орталығының әрбір әдістемелік құралында белгілі бір өзекті айдар қарастырылады. Қазақстандағы білім беру модернизациясы мен деңгейлік жүйеге көшуіне байланысты педагогикалық тақырыптың кеңеюінен айдарлар қатарының да ауқымы артты. Осыған орай авторлар өз материалдарын ұсынылған жеті бөлімге сәйкес жүйелеуге және құрылымдауға мүмкіндік алады. Мәселен, 2020 жылы әдістемелік құралдардың басым бөлігі «Мұғалімге көмек» айдарына енгізілді. Бұл мұғалімнің тәжірибесінде орын алатын көптеген зерттеулер мен сабақты зерттеуге, тиімді әдістемелік қолдау көрсету мақсатында мұғалімдер мен мектеп басшыларының кәсіби қажеттіліктерін анықтауға байланысты болып келеді.

Кесте. Айдарлар бойынша әдістемелік құралдардың жалпы саны

№	Айдар	Барлығы
1	Мұғалімге көмек	45
2	Жетекшіге көмек	7
3	ЖОО оқытушысына көмек	1
4	Мұғалімнің тәжірибесінен	5
5	ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту	4
6	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	5
7	Зерттеу (Lesson study, Action research)	3
Барлығы		70



ҚОСЫМША

БІЛІМ БЕРУ

3.1

Тәрбие жұмысы

3.1. Тәрбие жұмысы

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелеріне қатысты іс-шаралар төмендегідей мақсатты топтарға бағытталған: директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары, кітапханашылар.

Іс-шараларды тақырыптарына қарай мына бағыттарға бөлуге болады:

- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы, «Шаңырақ» мектеп қоғамдастығы және үйірме жұмыстары негізінде жалпы білім беретін мектептердің тәрбие жүйесін ұйымдастыру;

- мектепте қолайлы психологиялық орта құру;

- ұжымдағы жағымды қарым-қатынасты анықтау және нығайту тәсілдері;

- мектеп кітапханасы жұмысының заманауи тәсілдері мен әдістері, мұғалімдермен және ата-аналармен өзара әрекеттесу, заманауи мектеп кітапханасында оқылым жобалары мен акцияларын ұйымдастыру, оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамыту әдістері мен тәсілдері.



Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәрбие жұмысы тәжірибесін тарату мақсатында 2019-2020 оқу жылында 13 442 мектеп директорының ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне, психологтарға, тәрбиешілеріне арналған 137 семинар өткізілді. Іс-шаралар онлайн форматта өткізілді және бұл ауылды жерлердің шалғай аудандарының қатысушылар санын барынша қамтуға мүмкіндік берді.

Оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында, Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сана мен салуатты өмір салты мәдениетін жаңғырту шеңберінде, ДББҰ тәжірибесін тарату ретінде, «Туған елге тағзым» және «Шаңырақ» атты екі әлеуметтік маңызды жоба арқылы Зияткерлік мектептердің тәжірибесін енгізу көзделген.

Жалпы білім беретін мектептерде бұл жобалар сәтті жүзеге асырылып жатыр. Олар патриоттық тәрбиені дамытуға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға, Отанға деген сүйіспеншілікті нығайтуға бағытталған және мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар арасында кеңінен танымал.

2019 жылдан бері Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Ұрпақтар сабақтастығы», «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер», «Замандастар жырлары», «Ұлы дала ақындары» деп аталатын 4 жаңа жобаның жұмыстары жүргізіледі. Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналардың аталмыш жобаларға қатысты қалдырған пікірлері жағымды болғандықтан, 2020 жылдан бастап бұл жобалар жалпы білім беретін мектептерге таратылуда.

Сонымен қатар жалпы білім беретін мектептерде «Мектептері өзін-өзі басқару», Reading Time, Bookcrossing, Flash mob, «100 кітап», «Қазақтың 100 әні», «100 күй», «Қоғамға қызмет ету», «TEDx», «Ақылды бейсенбі» тәрбие жұмысы жобалары ойдағыдай енгізілуде.

Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысы тәжірибесін тарату нәтижесінде көптеген жалпы білім беретін мектептер өздерінің оқушылар мен мұғалімдер ұжымын дамы-

туға ұсынылған моделдерді пайдаланады.

Жалпы елімізде 500-ден астам жалпы білім беретін мектеп Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәрбие жұмысының жобаларын енгізуде.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәжірибесін тарату мақсатында «Ұрпақтар сабақтастығы», «Ұлы Дала ақындары», «Замандастар жырлары», «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» әлеумет-

тік жобалары арқылы жалпы білім беретін мектептер үшін «Зияткерлік мектептердегі әлеуметтік және EVENT-волонтерлік қызмет», «Bookcrossing» - белсенді өмірлік ұстаным!», «Волонтерлік - жеке табысқа жетудің жолы», «Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы», «Қарттар мен балалар үйіндегі волонтерлік», «Мектеп жасындағы ғылыми-волонтерлік қызмет» тақырыпта-рында семинарлар өткізілді.



ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ КӘСІБИ ДАМУ

4.1

ҚР педагог кадрларының
біліктілігін арттыруға
арналған білім беру
бағдарламалары

4.2

Тренерлер құрамын
дайындау

4.3

ҚР педагог кадрларының
біліктілігін арттыру

4.4

ҚР педагог кадрларының
біліктілігін арттыру

4.5

ҚР педагог кадрларының
біліктілігін арттыру

4.6

Педагог кадрларды
әдістемелік қолдау

4.1. ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламалары

2020 жылы ПШО жоспарланған 18 біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасының орнына 26 бағдарлама әзірледі.

2020 жылы 6 бағытты қамтитын бағдарламалар әзірленді.

Кесте. 2020 жылы әзірленген біліктілікті арттыру курстары

№	Бағыттардың атауы	2019 ж.	2020 ж.
1	Мектепте, ЖОО-да/колледжде оқыту әдістемесі мен технологиялары	10	2
2	Орта білім беру мазмұнын жаңарту	4	16
3	Мектепке дейінгі білім беру	-	1
4	Мектептегі менеджмент және көшбасшылық	4	1
5	Тәрбие жұмысы және практикалық психология	9	2
6	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту		4
Барлығы		27	26

ҚР БҒМ тапсырмасына сай (06.03.2020 ж. №949-5-465/11-6 хаты) «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» жаңа бағыты аясында әзірленіп, жүзеге асырылған педагог кадрлар біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары:

– «Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту»;

– «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту».

Бағдарламалардың мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен креативті ойлауын қалыптастыруға бағытталған. PISA халықаралық зерттеуінің әртүрлі деңгейдегі тапсырмалары осы жұмыстың негізі ретінде қарастырылады. Курс аясында осы тапсырмаларды орындау және оларды тәжірибеде қолдану қарастырылған. Бағдарламалар Зияткерлік және жалпы білім беретін мектептердің педагог мамандарын оқыту мақсатында әзірленді.

Бастауышсынып мұғалімдеріне арналған **«Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау»** бағдарламасы бастауыш сыныптардың пәндік мазмұнды меңгеру деңгейлерін бағалауға мүмкіндік беретін түрлі типтегі тапсырмаларды әзірлеу, сондай-ақ тапсырмаларға сараптама жүргізуді оқыту мәселелерін қамтиды.

Мектеп басшыларына арналған

«Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» білім беру бағдарламасы халықаралық үздік тәжірибелер негізінде инновациялық, жобалық және педагогикалық менеджмент саласындағы заманауи тәсілдемелер мен құралдарды қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңа кәсіби міндеттерді шешу мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған бағдарлама әзірленді. Бағдарламада басқару моделі және өзгерістерді басқарудың 8-қадамдық алгоритмі, мектепке дейінгі ұйымның жалпы мақсаты мен даму стратегиясын анықтау, сондай-ақ басқарудың тиімді құралдарын пайдалану қарастырылады.

ҚР БҒМ тапсырмасына сай (03.07.2020 ж. № 5-13-6/2457-И хаты) орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жалпы білім беретін 13 пәннен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қажет ететін білім беру бағдарламалары әзірленді. Осы бағдарламаларды әзірлеуге негіз болған - педагогикалық колледждердің оқытушыларын оқытуға арналған қолданыстағы халықаралық сертификатталған білім беру бағдарламасы.

ҚР БҒМ тапсырмасына сай (11.02.2020 ж. №19-6/134 хат) ҚР БҒМ БҒССҚК қызметкерлерін оқыту бағдарламасы әзірленді. Онда қазіргі таңда өзекті болып отырған әдістемелік менеджментке басты назар ауда-

рылды. Қызметкерлерге білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне арналған инновациялық тәсілдемелер мен әдістемелік қолдау құралдары ұсынылды, оларды білім беру үдерісінің сапасына сараптамалық шолу және мониторинг жүргізу кезінде пайдалануға болады.

Кез келген әлеуметтік институт секілді, жалпы білім беретін мектепте де әртүрлі жан-жалдар орын алуы мүмкін. Жанжалдарды анықтау және жою, сондай-ақ жанжал туғызатын мінез-құлықтың алдын алу мақсатында педагогикалық топ тарапынан жүйелі жұмыс атқарылуы керек. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, «Білім беру ұйымдарындағы жанжалды жағдайларды басқару» бағдарламасы әзірленді. Онда мектеп тәжірибесінде орын алатын жанжалдарды шешудің жолдары мен тәсілдері, білім беру үдерісінің субъектілері арасында өзара іс-әрекет орнату қарастырылады.

Зияткерлік мектептердің педагог мамандары үшін мұғалімдердің бойында оқыту үдерісін тиімді жоспарлау дағдыларын жетілдіруге, сараланған тапсырмаларды әзірлеу және тәжірибеде қолдану, дарынды оқушылармен жобалау-зерттеу жұмыстарын жүргізу икемділіктерін дамытуға бағытталған модульдік бағдарлама әзірленді.

Форматына байланысты бұл курс – синхронды оқыту элементтері бар асинхронды курс болып табылады. Ол педагог мамандарға бағдарламаның мазмұнын негізгі қызметімен қатар меңгеруге мүмкіндік берді.

Бағдарламаларды онлайн-форматқа ауыстыру

Қазақстан Республикасында COVID-19 індеті салдарынан қалыптасқан санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2020 жылы педагог мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған 21 бағдарлама қашықтан оқыту форматына ауыстырылды:

- директордың тәрбие және кәсіптік бағдарлау жұмысы жөніндегі орынбасарлары үшін,
- директорлардың тәрбие жұмысы, білім мазмұнын жаңарту жөніндегі орынбасарлары үшін,
- ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының еңбектері бойынша,
- білім беру ұйымдарының психологтары үшін,

- он жалпы білім беретін пәннен «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау»,

- мектепалды даярлық,
- «Мұғалімнің тәжірибесіндегі зерттеулер»,

- мектепке дейінгі оқыту және тәрбие-леу бойынша педагог кадрлар біліктілігін арттырудың онлайн курсының бағдарламасы,

- «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» (2-кезең),

- орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде ЖОО мен колледждердің ОПК үшін,

- білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сынып пәндерінен,

- НЗМ директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары үшін.

Бұқаралық ашық онлайн-курстар

Қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту өзінің қол жетімділігі мен тиімділігі арқасында кеңінен тарала бастады.

ҚР БҒМ тапсырмасына сай биыл алғаш рет «Қашықтан оқытуды үйренемін» және «Бақытты ата-ана – табысты бала» атты бұқаралық ашық онлайн-курстар іске қосылды және оқыту асинхронды форматта жүзеге асырылды.

«Қашықтан оқытуды үйренемін»

онлайн-курсының бағдарламасы қашықтан оқытуды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу мәселелерін қамтиды. Онлайн-курста әртүрлі, соның ішінде қазақстандық сервистер мен платформаларды зерттеуге ерекше назар аударылған. Осы мақсаттар үшін қызметтерге қатысты мәселелерді қамтитын Гид, сондай-ақ Telegram-да ICT-robot чат-боты жасалды.

«Бақытты ата-ана – табысты бала»

онлайн-курсы мазмұнының негізгі идеясы баланың кәсіби жетістіктерінің алғашқы баспалдағын қалау – ата-ана еншісінде болатынын танытады. Ұсынылған модульдерде отбасында 21 ғасырдың дағдыларын қалыптастыруға бағытталған материалдар, балалардың жас ерекшеліктері, түрлі психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешу жолдары сипатталған.

Бұқаралық курстар еліміздің педагогикалық және ата-аналар қоғамдастығы арасында сәтті жүзеге асырылды және олардың тарапынан оң пікірлерге ие болды.

Халықаралық сертификаттау

2020 жылы 2019-2020 жылдарға арналған ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының тағы екі білім беру бағдарламасын халықаралық сертификаттау аясында жұмыс жалғастырылды:

- Білім беру ұйымдарының педагог психологтары үшін,

- «Математика» пәнінен «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау».

Бағдарламаларды сертификаттауды ACQUIN (Германия) аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институты жүргізеді. Бұл ұйыммен ынтымақтастықтың нәтижесінде үш жыл ішінде **Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттырудың 10 бағдарламасының** шартсыз халықаралық сертификаттауы расталды.

Кесте. Біліктілікті арттырудың сертификатталған бағдарламалары

№	Бағдарламалардың атауы	Сертификаттау жылы
1	«Тиімді оқыту»	2018
2	«Мектептегі мұғалім көшбасшылығы»	2018
3	«Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы»	2018
4	Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының бағдарламасы	2018
5	«Математика» пәнінен педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы	2019
6	«Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеулер» мектепішілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасы	2019
7	Балаларды мектепалды даярлауға қатысты мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы	2019
8	Педагогикалық кадрларды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО мен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы	2019
9	«Математика» пәнінен «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы	2020
10	Білім беру ұйымдары педагог психологтарының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы	2020

4.2. Тренерлер құрамын дайындау

ПШО қызметінің басым бағыты тәрбиелеу, дамыту және оқытудың өзекті мәселелерін қамтитын Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын өткізуге қабілетті тренерлер құрамын даярлау болып табылады.

2020 жылы 303 тренер оқытылды, оның ішінде:

– ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасының еңбектерінде көрсетілген әлеуметтік даму жолдарын түсіндіруге бағытталған біліктілікті арттыру бағдарламасын 20 тренер оқыды;

– «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми/математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» біліктілікті арттыру бағдарламасын 283 тренер оқыды.

Кесте. 2020 жылы оқытылған тренерлер саны

№	Бағдарлама	Тренерлер саны	оның ішінде	
			ПШО	ББҰ
1	ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының еңбектерінде көрсетілген әлеуметтік даму жолдарын түсіндіруге бағытталған біліктілікті арттыру бағдарламасы	20	20	
2	«Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми/математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» біліктілікті арттыру бағдарламасы	283	34	249
Барлығы		303	54	249


Соңғы үш жылда ПШО ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттырудың түрлі бағдарламалары негізінде 953 тренерді оқытты, оның ішінде 609-ы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері қатарынан, олар ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту шең-

берінде біліктілікті арттыру курстарын және ҚР мектепке дейінгі ұйымдарының педагог қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізу барысында тартылған тренерлер болып табылады.

Кесте. 2018-2020 жылдары оқытылған тренерлер саны

Оқытылған тренерлер саны	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
953	370	280	303

2018-2020 жылдары оқытылған тренерлер, оқытуға тартылған тренерлер үлесінің 64%-ын құрайды.



Жалпы білім беретін мектептердің көшбасшы-мұғалімдерін тренерлік қызметке тарту мұғалімдердің жалпы оқуына оң әсер етеді, өйткені тренер-мұғалімдер мектеп тәжірибесінен алынған мысалдарды, кейстерді пайдаланады, ал бұл курс тыңдаушыларының бағдарламалық материалды жақсы түсініп, меңгеруіне ықпал етеді. Өз кезегінде тренер-мұғалімдер тәжірибелерін тереңдете түседі және осы дағдыларды өздерінің оқыту практикасын жетілдіру және өз мектептерінің ұжымдарымен жұмыс істеу үшін пайдаланады.

ҚР жалпы білім беретін мектептеріне мектеп тренерлерін даярлау

Мектепте мұғалімдерді оқыту «тең теңімен» қағидаты негізінде жүргізілетін кәсіби-дамыту ортасын құру мақсатында ПШО критериялды бағалауды енгізу үйлестірушілерін, әдістеме және технология саласындағы мектеп тренерлерін, зерттеу саласындағы мектеп тренерлерін, бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптама жүргізу тренерлерін қамтитын Мектеп тренерлерін (Мектептің әдістемелік активі) дайындады.

2020 жылы 9 716 мектеп тренері, оның ішінде 2000 зерттеу және 7716 бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптама жасау тренерлері оқытылды. Мектеп тренерлерінің қызметі «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепішілік кәсіби дамыту курстарында мұғалімдерді оқыту арқылы мектеп педагогтері жүргізетін зерттеу үдерістерінің жалпы сапа-

сын басқаруды және әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Барлығы 2016-2020 жылдар аралығында әр мектеп үшін **48 326** мұғалім-көшбасшылардан тұратын әдістемелік актив дайындалды, бұл жалпы білім беру ұйымдары мұғалімдерінің жалпы санының 15%-ын құрайды.

Кесте. 2020 жылы оқытылған тренерлер саны

Оқытылған мектеп тренерлерінің жалпы саны	оның ішінде мына бағыттар бойынша			
	критериалды бағалау саласындағы мектеп үйлестірушілері	оқу әдістемесі мен технологиялары жөніндегі мектеп тренерлері	зерттеулер саласындағы мектеп тренерлері	мектеп тапсырмаларын әзірлеушілер және бағалау сарапшылары
48 326	9 056	17 517	5 526	16 227

Мектеп тренерлерін оқыту жаңартылған білім беру мазмұны мен критериалды бағалау жүйесі бағдарламалары негізінде оқыту және бағалау үдерісінде туындайтын әдістемелік мәселелерді тез әрі тиімді шешуге дайын мамандардың қатарын құруға мүмкіндік берді.

4.3. ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттыру

2020 жылы еліміздегі педагогтердің біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес **37 288 адам** оқытылды (аудиториялық оқыту - 3 766 адам, қашықтан - 33 522 адам), оның ішінде:

– мектепке дейінгі білім беру педагогтері - **5 495 адам** (балабақша тәрбиешілері - 3 495 адам, мектепке дейінгі ұйым педагогтері - 2 000 адам);

– орта білім беру жүйесінен - **28 660 адам**;

– техникалық, кәсіптік және жоғары білім жүйесінен - **3 133 адам**.

Карантиндік эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2020 жылдың наурыз айынан бастап ПШО аудиториялық оқыту үдерісін қашықтан оқыту режиміне ауыстырылды.

Орта білім беру жүйесі педагогтерінің біліктілігін арттыру мақсатында ПШО мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің **496** басшысына арналған көшбасшылық пен

менеджментті дамыту курстарын өткізді.

Еліміздегі мектептердің жаңартылған мазмұнға көшуіне байланысты қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды:

– **390** білім басқармаларының, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің басшылары, мамандары, жалпы білім беру ұйымдарының басшылары қатысты;

– **500** мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Мектептерде бағалаудың жаңа жүйесін енгізуге бағытталған **7 311** пән мұғалімдері мен басқармалардың, аудандық/қалалық білім бөлімдерінің, әдістемелік кабинеттердің **405** әдіскеріне арналған критериалды бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау курстары өткізілді. Осы бағыттағы курстарды барлығы **7 716** адам оқып шықты.

Оқушылардың медиа-сауаттылығын қалыптастыру мақсатында **44** информатика пәні мұғалімдеріне бағдарламалау, робот техникасы және 3D-принтинг курстары өткізілді.

Қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» және «Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» бағдарламалары негізінде математика, информатика, химия, биология, физика, география пәндері мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстары өткізілді.

Курстарды **12 814** мектеп педагог маманы, сондай-ақ мемлекеттік колледждердің **1 718** оқытушысы оқыды.

ПШО **1 000** психолог, оқушыларды кәсіптік тұрғыдан бағдарлайтын 2 900 педагог және сабақты зерттеу бағытындағы **2 000** мектеп тренері үшін қысқа мерзімді курстар өткізді.

Қызметтің стратегиялық бағыттарын іске асыру шеңберінде ПШО бағдарламаларына сәйкес жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру жұмысы жалғастырылды.

Жаңартылған білім беру мазмұнына қатысты курстардан:

- метапәндік мазмұн бағдарламалары бойынша ЖОО мен колледждердің **800** оқытушысы;
- пәндік мазмұн бағдарламалары

бойынша мемлекеттік колледждердің жалпы білім беретін пәндер оқытушылары қатарынан **554** өңірлік тренер өтті.

4.4. Курстық оқыту сапасының мониторингі

Біліктілікті арттыру курстары шеңберінде тәуелсіз бағалау мұғалімдердің бағдарламалардың мазмұнын қаншалықты меңгергенін анықтау және сертификаттау мақсатында жүзеге асырылады. Курс қорытындысына сәйкес педагог мамандар оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдерін жоспарлау және қолдануға қатысты рефлексияны көрсететін портфолио және презентациялар әзірлейді. ПӨО 6 курс бағдарламасын қамтитын бағалау рәсімін жүргізеді.

2020 жылы 46 789 педагог маманның материалдары бағаланып, оның 43689-ы (94%) сертификатталды.

Кесте. Курс бағдарламалары кесіндісіндегі педагог мамандар саны

Бағдарлама	Бағалаудан өтті	Сертификатталды
Мектептегі мұғалім көшбасшылығы	800	727 (90,87%)
ҚР жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына арналған курстар	979	929 (94,9 %)
Орта білім мазмұнын жаңарту курстары	33038	31474 (95,27%)
Пәндер бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау»	7102	6272 (90%)
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	2925	2523 (90%)
Балаларды мектепалды даярлауға қатысты мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	1945	1764 (90%)
Барлығы	46789	43689 (94%)

Бұрын сертификаттауға ұсынылмаған 1986 педагог үшін бағалау рәсімдері қайта өткізілді.

Кесте. Оқыту бағдарламалары кесіндісіндегі қайта бағалаудан өткен педагогтер саны

Бағдарлама	Бағалаудан өтті	Сертификатталды
ҚР жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына арналған курстар	27	23
Орта білім мазмұнын жаңарту курстары	1548	1469
Пәндер бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау»	247	198
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	69	69
Балаларды мектепалды даярлауға қатысты мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	95	95
Барлығы	1986	1854

Елімізде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты бағалау рәсімдері қашықтан ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл үшін ПӨО порталында ашық қолжетімділікте орналастырылған нормативтік-әдістемелік құжаттарға өзгерістер енгізілді (<http://срі.nis.edu.kz/>). Сонымен қатар, электрондық платформада бағалау рәсімдерін түсіндіру және бағалау материалдарын ПӨО порталына жүктеуге арналған:

- ПШО және «Өрлеу» БАҰО АҚ тренерлері үшін 2 вебинар өткізілді,
- барлық бағдарламаларды қамтитын қазақ және орыс тілдеріндегі бейненұсқалар әзірленді.

Тренерлерді бағалау тәжірибесін қолдау және сындарлы кері байланыс ұсыну мақсатында педагогтердің портфолиосын плагиатқа тексеруге бағытталған «Turnitin» онлайн сервисі енгізілді.

Кесте. Плагиатқа тексерілген материалдар саны

Бағдарлама	Тексерілді	Плагиат табылды
Мектептегі мұғалім көшбасшылығы	760	150 (20%)
ҚР жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына арналған курстар	476	167 (35%)
Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған курстар	2353	355 (15%)
Барлығы	3589	672

Тексеру қалыптастырушы бағалау кезеңінде жүргізілді және бұл Feedback Studio бағдарламасының көмегімен мұғалімдер мен тренерлерге материалдарды өзгерту және жетілдіру тұрғысынан ұсыныстар беруге мүмкіндік берді.

Педагогтердің бағалауға ұсынған материалдардың сапасын талдау нәтижесінде педагогтердің 5,8%-ы «қанағаттанарлықсыз», 93,1%-ы «қанағаттанарлық», 1,1%-ы «жақсы» деген баға алды. «Жақсы» деп бағаланған материалдар ЖӘК сайтында орналастырылды және оларды еліміздің мұғалімдері пайдалана алады: бөлімдер үшін жиынтық жұмыстардың 43 үлгісі, тоқсан үшін жиынтық жұмыстардың 43 үлгісі, жаңартылған бағдарламаға қатысты 280 сабақ жоспары бар.

Кесте. Педагогтердің материалдарын бағалау нәтижелері

Бағдарлама	Барлығы	Баға					
		қанағаттанарлықсыз	қанағаттанарлық	жақсы			
Мектептегі мұғалім көшбасшылығы	800	73	9,1%	690	86,3%	37	4,6%
ҚР жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына арналған біліктілікті арттыру курстары	1006	54	5,4%	889	88,4%	63	6,2%
Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған біліктілікті арттыру курстары	2694	103	3,8%	2560	95,0%	31	1,2%
Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың даярлығын ұйымдастыру жөніндегі біліктілікті арттыру курстары	1911	52	2,7%	1803	94,3%	56	3%
ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту жөніндегі біліктілікті арттыру курстары	33038	1564	4,8%	31194	94,4%	280	0,8%
«Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» біліктілікті арттыру курстары	7283	863	11,9%	6377	87,5%	43	0,5%
Барлығы	46 732	2 709	5,8 %	43 513	93,1%	510	1,1%

Біліктілікті арттырудың барлық курстары шеңберіндегі бағалау нәтижелеріне сәйкес, оқыту орталықтары үшін, педагогтерді оқытудың сапасын жетілдіру мақсатында ұсынымдар келтірілген есептер әзірленді.

Педагогтер мен тренерлерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында біліктілікті арттыру курстары шеңберінде материалдарды қалыптастыру мен бағалауға байланысты 6 құрал әзірленді және ДББҰ әдістемелік кеңесі тарапынан (13.11.2020 ж. №67 хаттама) бекітілді.

4.5. Педагог кадрларды курстан кейін қолдау

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне курстан кейінгі әдістемелік қолдау көрсету және НЗМ тәжірибесін тарату мына бағыттарда жүзеге асырылады:

- оқыту және оқу әдістемесі, оның ішінде қашықтан оқу форматындағы оқыту әдістемесі,
- жаңартылған бағдарламалар мен бағалау жүйесінің мазмұны,
- педагогикалық қызметтегі зерттеу тәжірибелері,
- тәрбие жұмысын ұйымдастыру,
- білім беру ұйымын басқару.

Мұғалімдермен жұмыс істеудің әртүрлі формаларын қолдана отырып, оқу мен оқытудың үздік нәтижесіне қол жеткізілетініне мұғалімдердің кері байланысы, әлеуметтік желілердегі пікірлер, Facebook дәлел болып отыр. Бірнеше жыл бойы ПШО филиалдары жетекші мектептер негізінде «әдістемелік десанттар» тәжірибесін қолданып келеді, олар кері байланыс беру арқылы сабақтарға қатысуды, жеке және топтық коучингтерді, белгілі бір тақырыпта семинар өткізуді, мектептің әдістемелік активіне кеңес беруді қамтиды. Бұл тәсіл мұғалімдердің неғұрлым көп бөлігіне әдістемелік көмек көрсетуге, әртүрлі санаттағы мұғалімдерге қолдау көрсетуге, сонымен бірге мектеп ұжымын кәсіби даму үдерісіне тартуға мүмкіндік береді. Жұмыс істеу тәсілдері:

- жетекші мектеп мұғалімдерінің сабақтарын бірлесіп бақылау (серіктес мектеп мұғалімдерінің қатысуымен);
- сабақты бақылау қорытындысына сәйкес мұғалімге жеке сындарлы кері байланыс беру;
- тәжірибеде анықталған проблемалар

мен қиындықтарды бірлесіп талқылау және шешу жолдарын іздеу;

- жетекші мектептің педагогикалық ұжымына оқыту іс-шараларын (семинарлар, тренингтер, шеберлік сабақтар) өткізу;
- жетекші мектеп мұғалімдерімен бірлесіп серіктес мектеп педагогтерінің қатысуымен кәсіби қажеттіліктерді шешуге бағытталған оқыту іс-шараларын жоспарлау;
- кәсіби дамудың нақты бағыттарына қатысты әдістемелік актив мүшелеріне ұсыныстар әзірлеу;
- оқыту мен оқудағы өзгерістерді анықтау мақсатында сабақтарды қайта бақылау.

Әдістемелік орталықтар 2020 жылы әртүрлі санаттағы педагог мамандарға: мектеп әкімшілігі, мектептің әдістемелік активі, пән мұғалімдері, психологтар, кітапханашыларға бағытталған 11 000 іс-шара өткізді.

4.6. Педагог кадрларды әдістемелік қолдау

Оқыту әдістемесі мәселелері

Елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты тәжірибені тарату жұмысы мен әдістемелік жұмыс қашықтан оқыту форматына ауыстырылды және педагогтердің көкейкесті нақты кәсіби қажеттіліктерін шешуге бағытталды.




Педагог мамандардың оқыту мен оқудың жаңа форматына барынша жақсы бейімделуі үшін ПШО мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналарына арналған 9 түсіндірмелік бейнеролик дайындады. Олар: мұғалімдерге қашықтан оқыту форматында сабақ әзірлеуге қатысты ұсынымдар; ата-аналарға баланың күн тәртібін реттеу, оның сабақ орнын ұйымдастыруға қатысты

кеңестер, мұғалімдермен өзара байланыс түрлері; оқушыларға өз бетінше жұмыс істеу жөнінде ұсынымдар беру және кері байланыс алу үшін мұғалімдермен өзара жұмыс жасау.

Карантин уақытындағы 3 ай барысында қашықтан оқыту форматындағы сабақтарды жоспарлау, ZOOM, TEAMS, Google платформаларында жұмыс істеу, әртүрлі цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, оқушыларға сараланған тапсырмалар әзірлеу, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, кері байланыс беру мәселелерін түсіндіруге бағытталған 870 вебинар және 3407 кеңес беру жұмысы өткізілді.

ҚР БҒМ тапсырмасына сай еліміздің педагог мамандарын жаппай оқыту мақсатында қазақ және орыс тілдерінде «Қашықтан оқытуды үйренемін» онлайн курсы (ЖАОК) әзірленіп, іске қосылды. Курста онлайн-сабақтарды жоспарлау және тарату, виртуалды мұғалім бөлмесінде жұмыс істеу дағдыларына, қазақстандық білім беру платформаларында оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру тәсілдеріне ерекше назар аударылды. Бұл курсты барлығы 347 035 мұғалім оқып, сәтті аяқтады. 2020 жылдың соңына дейін мұғалімдер мен жоғары оқу орындарының педагог мамандықтарына, студенттеріне курсты еркін ашып көруге мүмкіндік жасалды.



«Қашықтан оқытуды үйренемін» онлайн-курсында оқыған педагог мамандарға әдістемелік қолдау көрсету шеңберінде қашықтан оқытудың өзекті мәселелеріне қатысты қолдау көрсететін

«Қашықтан оқыту форматындағы сабақ мақсаттарын қалай әзірлеу және өлшеу керек?», «Қашықтан оқыту форматындағы сабаққа арналған тапсырмалар: баланың оқуға деген ынтасын қалай оятуға болады?», «АКТ құралдары: өз бетінше оқуға қайсысы тиімді?», «1, 5-сыныптарда оқу үдерісін ұйымдастыруға бағытталған ұсынымдар», «Оқу барысында өзін-өзі реттеу: қашықтан оқыту арқылы қалай дамыту керек?» тақырыптарындағы вебинарлар өткізілді.

Тыңдаушылардың сұранысына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде барлығы 14 вебинар өткізілді. Бұл вебинарлар ПШО-ның ресми YouTube-арнасына жүктелген.

ПШО тренерлерінің қолдауымен қазақ және орыс тілдерінде «Бақытты ата-ана – табысты бала» ЖАОК іске қосылды. Онлайн-курс барысында ата-аналар үйде «мектеп күнін» ұйымдастыру, жасөспірімнің оқуға деген ынтасы мен жауапкершілігі мәселелерімен танысты. Бұл курсқа шамамен 40 мың пайдаланушы тіркелді.

2020 жылы әдістемелік орталықтарға 4921-ге жуық сұраныс келіп түсті және барлық сұрақтардың 78%-ы сабақты жоспарлауға және қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың жетістіктерін бағалауға қатысты болды.


Жалпы білім беретін мектеп педагогтеріне психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Психологиялық саулық» атты бес күндік марафон ұйымдастырылды. Марафонның мақсаты – оқшаулау кезеңінде мұғалімдерге психологиялық қолдау көрсету және сүйемелдеу. Марафонға барлығы 516 педагог қатысты. Марафон барысында қатысушылар ПШО психологтарымен, арнайы шақыртылған сарапшылармен күнделікті тақырыптық кездесулерге шығып отырды. Кездесу барысында қатысушылар брифинг және кеңес беру үдерісі режимінде жұмыс істеді. Марафон тек онлайн-кездесулер түрінде ғана өтіп қоймай, мұғалімдерге үй тапсырмасы ретінде психологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған жаттығулар беріліп отырды.

2020 жылдың сәуір айында БББО «Қашықтан оқыту жағдайында жара-


тылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерден тәжірибелік жұмыстарды жүзеге асыру» тақырыбында вебинар өткізді. Бұл вебинар қазақ және орыс тілдеріндегі «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығы бастамашылық еткен еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері мен білім беру мекемелерінің басшыларына арналған вебинарлар топтамасының ең алғашқысы болды.

Вебинарда химия, биология, физика сабақтарындағы зерттеу жұмыстарын жүргізу кезеңдері; виртуалды зертханаларды, бейнеэксперименттерін; симуляцияны қолданудың; үй жағдайында эксперимент жүргізудің тәжірибелік мәселелері қарастырылды. Нақты мысалдар негізінде деректерді өңдеу, айнымалыларды анықтау, эксперимент қорытындысына сәйкес жұмыс парақтарын толтыру және зерттеу жұмысының есептерін рәсімдеуге эксперименттің дайын нәтижелерін ұсыну сияқты практикалық жұмысты жобалау тапсырмалары көрсетілді. Вебинарға ҚР түрлі білім беру ұйымдарынан 3293 тыңдаушы қатысты.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқу және бағалау жүйесіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында 9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға сәйкес «Бағалау құралдарын әзірлеу және сараптау» оқыту курсы өткізілді. Курс ҚР БҒМ қолдауымен Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының облыстық, қалалық білім басқармаларының 242 мұғалімдері мен әдіскерлері үшін ұйымдастырылды.



ДББҰ «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығымен бірлесіп TALAP Education платформасында жалпы білім беретін мектептердің 1025 мұғаліміне арналған «Оқушыларды қашықтан оқыту кезінде жиынтық бағалауды қалай ұйымдастыру керек» пәндер кесіндісіндегі вебинарлар өткізді.



Интерактивті форматта өткізілген вебинарлар барысында жиынтық бағалау кестесін құру және рәсімдерді ұйымдастырудан әдістемелік ұсынымдар, тапсырмаларды, бағалау критерийлерін, дескрипторларды және балл қою үлгісін әзірлеудің нақты мысалдары ұсынылды. Тапсырмаларды орындау әдістері Microsoft Teams, Forms, Edmodo және т. б. платформалары негізінде техникалық құралдар арқылы берілді. Вебинарларға қатысушылардың сұранысы бойынша тыңдалым және сөйлесім дағдыларын бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу мақсатында оқу бағдарламаларының тақырыптарына сай 239 аудиоресурстан тұратын топтама әзірленді және www.smk.kz ДББҰ-ның Жүйелік-әдістемелік кешеніне (ЖӘК) жүктелді.

Сондай-ақ ЖӘК-те критериялды бағалау мәселелеріне қатысты мұғалімдер мен мектеп үйлестірушілеріне әдістемелік қолдау көрсету және кеңес беру жұмысы жалғастырылды, 2020-2021 оқу жылына арналған жиынтық бағалау сипаттамасы өзектілік тұрғысынан қарастырылды және жаңартылды (бөлімде барлығы 1725 материал), пікірталас алаңында 1-11-сынып пәндері кесіндісінде бағалау мәселелеріне қатысты форумдарды модерациялау жүргізілуде.

Жаңартылған бағдарламалар мазмұны және бағалау жүйесіне қатысты мәселелер

ДББҰ тәжірибесін таратуға Зияткерлік мектеп мұғалімдері өз үлестерін қосуда. 2020 жылдың бірінші тоқсанында әдістемелік орталықтар әр өңірде НЗМ негізінде жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған әдістемелік күндер өткізді. Осындай әдістемелік күндер аясында НЗМ мұғалімдері шеберлік сабақтар өткізіп, оқу үдерісін қалыптастыру ерекшеліктерін, жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу жағдайындағы бағалауды, пәндерді ағылшын тілінде оқытуда пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) технологиясын қолдану үлгілерін көрсетті. Әдістемелік орталықтар НЗМ-ге зертханалық жұмыстарды жүргізуге қатысты шеберлік сабақтарға қатысуға жаратылыстану-ғылыми бағыттағы жетекші мектептердің мұғалімдерін, практикумдарға қатысуға математика және тіл пәндері мұғалімдерін шақырады. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған сабақтарды тим-тичингте жоспарлау және өткізуге бағытталған бірлескен жұмыс қолдау көрсетудің жаңа түріне айналды.

Өткен жылы НЗМ мұғалімдерінің қатысуымен 372 шеберлік сынып сабақтары өткізілді.

Бағалауға қатысты демалыс кезіндегі мектептер

Критериялды бағалауды енгізу барысында мұғалімдерге қолдау көрсетуге бағытталған демалыс кезіндегі мектептерді өткізу дәстүрлі әрі өзекті болып отыр. Ағымдағы

жылдың қысқы және күзгі демалыс уақытында екі демалыс кезіндегі мектеп өткізілді. Жалпы 7000-ға жуық мұғалім қамтылды.

Критериялды бағалауға қатысты демалыс кезіндегі мектеп аясында мұғалімдер орта мектептің 10 негізгі пәнінен білім алды. Демалыс кезіндегі мектеп аясында бағалауға қатысты білім алған мұғалімдер сараланған тапсырмаларды, бағалау критерийлері мен құралдарын әзірлеу, оқуға деген ынтаны арттыру, өзін-өзі реттеу және оқушыларды тарту бағытында практикалық ұсынымдар алды. Алғаш рет күзгі демалыс кезіндегі мектеп ақылы білім беру қызметтерін көрсету аясында өткізілді.

Техникалық және кәсіптік білім (ТЖКБ) оқытушыларына әдістемелік қолдау көрсету

ТЖКБ ұйымдарының жалпы білім беру пәндерінің оқытушыларын даярлау мақсатында орта білім берудің жаңартылған мазмұнды бағдарламаларына сай жұмыс істеуге бағыттап ПШО мемлекеттік **ТЖКБ ұйымдарының көшбасшы-оқытушыларының қатарынан 554 өңірлік тренер** дайындады.

2020 жылғы тамыздан қыркүйекке дейін курстан кейінгі сүйемелдеу шеңберіндегі тәлімгерлік бағдарлама іске асырылды, ол сабақтарды бірлесіп жоспарлау, онлайн-сабақтарды бақылау және сындарлы кері байланыс ұсыну мәселелерін қамтыды. **Жалпы, өңірлік тренерлер колледждердің 11 000-ға жуық оқытушысын оқытты.**

Өңірлік тренерлердің одан әрі қарайғы қызметін реттеу мақсатында «Өңірлердің көшбасшы-педагогтері (Өңірлік тренерлер) қатарынан колледж педагогтерінің курстан кейінгі әдістемелік қолдауды ұйымдастыруы жөніндегі нұсқау хаты» әзірленді. Сондай-ақ, курстан кейінгі сүйемелдеу және әдістемелік қолдау көрсету шеңберінде «Колледжде курстан кейінгі тиімді әдістемелік қолдауды қалай ұйымдастыру керек?», «Онлайн-сабақты қалай бақылау және мұғалімге сындарлы кері байланысты қалай беру керек?» атты республикалық вебинарлар өткізілді.

2020 жылы колледждерде қашықтан

оқытуды және орта білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу мәселелеріне байланысты ТЖКБ оқытушыларына 100-ден астам вебинар өткізілді.

«Ел Арна» және «Балапан» республикалық телеарналарындағы бейнесабақтар

2020 жылғы сәуірде ҚР БҒМ қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, мектептерде оқу үдерісін ұйымдастыруға көшуге дайындық жұмыстарын жүргізді.

Нұр-Сұлтан қ. 150 педагог мамандарының ішінде Нұр-Сұлтан қаласындағы халықаралық мектебінің мұғалімдері мен БББО-ның **8 қызметкері** «Балапан» (қазақ тілінде) және «Ел арна» (орыс тілінде) телеарналарынан көрсетілетін телесабақтарды әзірлеу, жазу және сараптау жұмыстарына жұмылдырылды. Бейнесабақтар 2020 жылдың **6 сәуірінен 22 мамырына дейін көрсетілді.**

Телесабақ түсіріліміне **оқу бағдарламасына сәйкес сабақ сценарийлері әзірленіп, әр сабаққа 5 тапсырмадан ұсынылды.** Сабақтың негізгі бағыты пәндік білім мен дағдыларды дамытуға, сондай-ақ сабақ материалын ұсынудың қол жетімділігіне бағытталды.


Телесабақтарды әзірлеу мен түсірілімге қатысу «Математика», «Дүниетану», «Жаратылыстану», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті Т2» пәндері бойынша жүзеге асырылды.

БББО қызметкерлері қазақ және орыс тілдерінде барлығы **164 сабақ** әзірледі, атап айтқанда: Дүниетану - 10, Математика - 52, Жаратылыстану - 52, Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 - 15, Қазақ тілі - 13, Қазақстан тарихы - 18, Дүниежүзі тарихы - 4.

Зерттеу тәжірибесі

ПШО-ның Word Association of Lesson Studies (Дүниежүзілік Сабақты зерттеу қауымдастығы) кеңесіндегі мүшелігі шеңберінде еліміздің педагог мамандарының Сабақты зерттеудің педагогикалық тәсілін қолдануына бағытталған Қазақстанда Сабақты зерттеу жобасы (Lesson Study

Kazakhstan) белсенді іске асырылуда, оның мектеп мұғалімдері үшін оқыту тәжірибесін жетілдіру тәсілі ретінде ғана емес, кәсіби даму құралы ретінде де пайдасы зор. Республиканың көптеген мектептері Сабақты зерттеу үдерісіне ерекше қызығушылық танытады. Оны педагог мамандардың өңірлік конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге және диалог алаңдарына белсенді қатысуынан байқауға болады.



2020 жылы ПШО-ның барлық филиалдарында «Сабақты зерттеу: Қазақстан мектептерінің тәжірибесі» атты аймақтық/қалалық ғылыми-практикалық онлайн-конференциялар өткізілді, онда «Қазақстандағы Сабақты зерттеу» жобасына қатысушылардың зерттеу нәтижелері қарастырылды. Барлығы 3000-ға жуық мұғалімді қамтитын 16 өңірлік конференция өткізілді.

Конференцияның жыл сайынғы қонақтарының қатарында белгілі педагог-ғалымдар PhD докторы, Дүниежүзілік Сабақты зерттеу қауымдастығының (WALS) Президенті, Лестер университетінің құрметті профессоры (Ұлыбритания) Питер Дадли және білім беру саласындағы магистр, Жапонияның білім беру саясатын зерттеу ұлттық институтының жетекші ғылыми қызметкері Тошия Чичибу бар.

Конференция жұмысына Зияткерлік мектептердің педагогтері, жалпы білім беретін мектептердің педагогтері мен басшылары қатысты. Пікір алмасу мақсатында тақырыптық алаңдар құрылды, онда цифрлық педагогика жағдайында Lesson Study үдерісін ұйымдастыру мәселелері, пән мұғалімдерінің бірлескен зерттеулерінің нәтижелері, олардың оқушылар үшін нәтижелілігі талқыланды, инсайттармен және педагогикалық жаңалықтармен бөлісуге

мүмкіндік берілді. Конференция аясында зерттеу нәтижелерінің виртуалды көрмелері ұйымдастырылды.

Осы жылғы аймақтық конференциялардың ерекшеліктерінің бірі ПШО-ның басқа филиалдарынан тренерлерді зерттеу нәтижелерімен бөлісу мақсатында шақыруы болды, бұл мұғалімдердің назарын аударуға, сондай-ақ келесі жылға аймақаралық зерттеулерді бастауға мүмкіндік берді.

Басқару мәселелері



2020 жылдың бірінші тоқсанында ПШО-ның барлық филиалдарында ҚР БҒМ БҒСҚК және оның аумақтық департаменттерінің қызметкерлерін оқыту бағытында «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сабақты бақылаудың тәсілдемелері мен әдістері» семинарлары өткізілді.

Семинардың мақсаты – мамандардың бойында сабақты тиімді бақылау дағдыларын жетілдіру, мектептерге әдістемелік қолдау көрсету үшін кері байланыс ұсыну және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту. Сабақ барысында мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері, сабақты тиімді жоспарлау аспек-

тілері, оқытудың белсенді әдістері, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау түрлері қарастырылды.

Білім беру саласындағы басқарушы корпус үшін өзекті іс-шаралардың бірі «Білім берудегі дағдарыс менеджменті: жаңа тәжірибе мен практика» (Нұр-Сұлтан, Орал, Алматы ққ). Конференция Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясымен бірлесіп өткізілді. Конференцияның спикерлері қатарында 8 елдің – Қазақстан, Беларусь, Украина, Ресей, Армения, Сингапур, Польша және Қырғызстанның тиімді менеджерлері, ғалымдары мен практиктері болды. Конференцияға жетекші кадрларды даярлаумен айналысатын білім беру ұйымдарының – мектептердің, колледждердің, жоғары оқу орындарының, білім беру орталықтарының басшылары мен менеджерлері қатысты. Конференция барысында дағдарыс жағдайында көрініс тапқан менеджмент және білім беру мәселелері талқыланды, ұйымдардың дағдарысқа қарсы тиімді менеджментінің алуан түрлі және қызықты тәжірибесі, қазіргі жағдайдағы білім беру ұйымдарындағы көшбасшылық және командалық жұмыс мәселелері, сондай-ақ кәсіби ортаны басқару экологиясы туралы баяндамалар ұсынылды.

Облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім беру басқармаларының әдістемелік кабинеттері/орталықтарының әдіскерлері мен қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында оқытудың тиімділігін арттыруға, қашықтан оқытуды ұйымдастыруға байланысты ұсынымдар әзірлеуге бағытталған бірқатар бірлескен іс-шаралар өткізілді.

ПШО онлайн-сабақтарды бақылау формасын ұсынды және бақылау барысында 3 негізгі аспектіге баса назар аударылды: жоспарлау, оқу және оқыту, үдерістерді ұйымдастыру технологиялары. Бұл жалпы білім беру ұйымдарының жаңа талаптарға – қашықтан оқыту форматына тезірек бейімделуіне мүмкіндік берді.

Білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу, әдістемелік қолдау көрсету және НЗМ тәжірибесін директорлар, директор орынбасарларына тарату мына жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады:

– педагогикалық ұжымдардың кәсіби шеберлігін арттыруды ұйымдастыру, мектепшілік бақылауды ұйымдастыру, жетекші және серіктес мектептердің педагогикалық қоғамдастықтарындағы бірлескен жұмыс мәселелері жөніндегі консультациялық көмек;

– жекелеген өңірлерде (Ақтөбе, Көкшетау, Орал, Тараз, Шымкент қ.) НЗМ менеджментін зерделеуден НЗМ базасында облыстың жетекші мектептерінің басшыларын тағылымдамадан өткізу;

– мектепті дамыту жоспарын әзірлеу, мұғалімнің кәсіби дамуындағы директордың рөлін анықтау, сабақтарды бақылау және кері байланыс беру т.б. мәселелер жөнінде басшыларға арналған семинарлар, вебинарлар өткізу;

– мектеп менеджерлерінің өзара әрекеттестігі, қызметкерлер құрамын басқару және мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсету, мектепте мұғалімнің зерттеу қызметін ұйымдастыру шарттары және т.б. арқылы мектепті дамытудың тиімді бағдарламасын құру мәселелері жөнінде Батыс Қазақстан облысындағы директорлар клубының (2017-2020 жж.) жұмысы.

Жалпы білім беру мекемелерінің басшыларына арналған іс-шаралар педагогикалық ұжымдарды кәсіби дамытудан жұмысты ұйымдастыруға қолдау көрсетуге, мектептегі өзгерістерді басқару жөнінде жеке менеджментті дамытуға бағытталған.

Педагог қызметкерлердің республикалық тамыз кеңесі шеңберіндегі секциялық отырыстары

ҚР педагог қызметкерлерінің тамыз кеңесі шеңберінде еліміздің педагог мамандарына белсенді әдістемелік қолдау көрсету жалғасуда.

2020 жылы секциялық отырыстар 102 991 мектеп басшылары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері мен мектеп психологтары үшін онлайн режимде өткізілді.

«Қашықтан оқыту жағдайында педагог мамандарға әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру» секциялық отырыстарында мектеп басшылары фасилитацияланған онлайн-сессия барысында педагог мамандардың кәсіби қажеттіліктері, қашықтан оқыту жағдайындағы оқытудың тиімділігі мәселелерін талқылады. Пән мұғалімдері

әр оқушыны қолдау мақсатындағы оқытуды саралау, оқытудың тиімді нысандары мен әдістері мәселелерін талқылады. Сынып жетекшілері мен психологтар өз секцияларында ПШО тренерлерімен бірлесіп қашықтан оқыту жағдайында оқушылар мен ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету мәселелерін талқылады.

Секциялық отырыстардың барлық қатысушыларына БББО тренерлері жаңартылған білім беру мазмұнын оқу бағдарламалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселелерін қамтитын вебинарлар сериясын өткізді. Оқушылардың математикалық, жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған оқыту мақсаттарын іске асырудың нақты мысалдары көрсетілді. PISA құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмаларды жобалауға арналған ұсынымдар берілді.

Барлығы 115 фасилитацияланған сессия, 41 вебинар, 5 669 шеберлік сабақ өткізілді.

Қазақ тіліне бойлау жобасы

Мемлекеттік тілді дамытудың балама және инновациялық әдістерін үйрену мақсатында 2013 жылдан бастап ДББҰ қазақ тіліне бойлау жобасын жүзеге асырады. Жоба халықаралық серіктес – «Innove» тілдік ортаға бойлау орталығымен (Эстония) бірлесіп жүзеге асырылады.

Қазақ тіліне бойлау моделінің негізін қалаушы педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Ж. Жадринна болып табылады.

Алдымен, бұл жоба Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептерде іске асырыла бастады. 2019-2020 оқу жылы қазақ тіліне бойлау жобасы шеңберінде оқыған бастауыш сынып оқушыларының үшінші легі бітіріп шықты. 2020-2021 оқу жылында тілдік ортаға бойлау жобасы аясында Зияткерлік мектептердің 2-5-сынып оқушылары білім алуда.

Аталған әдістемені Зияткерлік мектептерге енгізу ісінің оң нәтижелер бергеніне байланысты, ҚР БҒМ тапсырмасына сай 2018 жылдан бастап Нұр-Сұлтан, Талдықорған, Көкшетау қалаларының мектепке дейінгі ұйымдарына тілдік бойлау тәжірибесін тарату басталды:

- ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақшасы РМК, 3 нысан

- Талдықорған қаласы, МКҚК №45 Арман балабақшасы
- Талдықорған қаласы, МКҚК №42 балабақшасы
- Талдықорған қаласы, МКҚК №2 балабақшасы
- Көкшетау қаласы, МКҚК №7 «Айша» балабақшасы

- Көкшетау қаласы, МКҚК №5 «Қуаныш» балабақшасы
- Көкшетау қаласы, МКҚК №1 «Арман» балабақшасы

2020 жылы жоғарыда аталған мектепке дейінгі ұйымдардың 80 педагог маманына «Қазақ тіліне бойлау жобасы» тақырыбына вебинар өткізілді.



ДББҰ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ АЯСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

5.1

Зияткерлік мектептер - аймақтар-
дағы Әдістемелік орталықтар

5.2

Тәжірибені ұлттық
деңгейде тарату

5.1. Зияткерлік мектептер - аймақтардағы Әдістемелік орталықтар


Әдістемелік орталықтардың жұмыс жоспарының негізгі бағыттарының бірі - білім беру ұйымдарының педагог мамандарына әдістемелік қолдау көрсету және жетекші мектептермен жұмыс істеу арқылы НЗМ тәжірибесін тарату. Өз кезегінде, жетекші мектептердің қызметі меншікті кәсіби капиталын дамытуға және жинақталған білімді серіктес мектептердің педагогикалық ұжымдарына таратуға бағытталған және ҚР БҒМ 2018 жылғы 11 қазандағы № 11-4/874 «Орта білім беру мазмұнын жаңартуды қолдау мектептерінің (Жетекші мектептер) қызметін ұйымдастыру туралы» нұсқау хатымен реттеледі.

Жыл сайын жетекші мектептердің сандық және сапалық әлеуеті артып келеді. Мәселен, облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының Білім басқармала-

рымен бірлесіп, әр ауданда/қалада жалпы білім беретін мектептер қатарынан 2020 жылы мұғалімдердің өзара тиімді жұмыстар атқару үшін білім беру алаңы ретінде қосымша 392 жетекші мектеп таңдалып, олардың базасында педагог мамандардың кәсіби қоғамдастықтары құрылатын болды. Республикада жалпы саны 1412 жетекші мектеп бар бұл 2019 жылға қарағанда 38%-ға артық. Кейбір өңірлердегі (Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары мен Түркістан, Ақтөбе және Қарағанды облыстары) жетекші мектептер санының өсуі білім басқармаларының белгілі бір мектеп ұжымдарымен мақсатты түрде ұзақ мерзімді жұмыс жүргізу үшін осы санды бекіту туралы шешімімен негізделген.

2023 жылға дейін жетекші мектептер саны 2000-ға жетеді, бұл өңірлердің жалпы білім беру ұйымдарына әдістемелік қолдауды дербестендіруге көшуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасындағы жетекші мектептер желісі




Курстан кейінгі сүйемелдеу, мұғалімдерді әдістемелік қолдау және НЗМ тәжірибесін тарату жұмыстары жоғарыдан төменге қарай жүргізіледі: **ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ - ЖЕТЕКШІ МЕКТЕП - СЕРІКТЕС МЕКТЕП.**

Жетекші мектептердің өңіраралық форумдары жұмыстың тиімді түрі ретінде танылды.

2017 жылы Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында бастау алған өңіраралық форумдарды өткізу идеясын Қазақстанның барлық өңірлері белсенді қолдады. 2020 жылы жетекші мектептердің 5 өңіраралық форумы өткізілді. Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты - білім беру мазмұнын жаңартуды қолдаушы мектептердің қоғамдастықтары қызметінің нәтижелерін талқылау және мектеп көшбасшылығының сәтті тәжірибелерін ұсыну.

Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының жетекші мектептерінің «Жетекші мектеп: көшбасшылық және кәсіби даму» форумына қатысқан мұғалімдердің басым бөлігін өзіндік қызметтік сипаттамасы, өз қажеттіліктері бар шағын жинақты мектептердің мұғалімдері құрады. Бұл - форумның ерекшелігі болды. Форум аясында «Жетекші мектеп Қазақстанның шағын жинақты мектептерінің мәселелерін шешу тетігі ретінде» секциясы ұйымдастырылды, онда жетекші мектептермен бірлескен қызмет арқылы шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің кәсіби даму мәселелері қаралды. Форумда Қостанай облысының мамандары әзірлеген жетекші мектептерге арналған сайт таныстырылды, онда жетекші мектептер желілік қоғамдастықтар жұмысының модельдерімен танысып, кәсіби тәжірибелерімен бөлісті.



Қызылорда, Жамбыл, Түркістан облыстарының «Жаңару жаршысы - 2020» форумында қашықтан оқыту кезеңінде жетекші мектептердің серіктес мектептермен онлайн өзара әрекеттесу форматына ерекше назар аударылды. Жұмыс нәтижесі - ұқсас әдістемелік тақырыптармен жұмыс істейтін өңірлердің жекелеген мектептерінің бірлескен іс-шараларын өткізу.



Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының форумында басты «жаңалығы» стартаптар трегі болды, онда «Мектеп-тандем», «Мектеп-бренд», «Эко-мектеп» және «Шеберлер мектебі» жобаларының жұмыстары ұсынылып, олардың жұмысына осы өңірлердің жетекші мектептері қосылды.

Ресей, Швейцария өкілдері қатысқан Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары форумының ерекшелігі - үш өңірдің жетекші мектептері өз жұмысын ұйымдастыру тәжірибелерімен бөлісіп, өзара белсенді қарым-қатынас құрды.

Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында өткен форумның жұмысында мектеп басшыларына арналған тәжірибелік блокқа баса назар аударылып, Қазақстан мен Ресей педагогикалық қоғамдастығынан спикер

ретінде шақырылған өкілдердің қатысуымен педагогикалық желілік қоғамдастықтарды басқару мәселелері қаралды.

Форумдардың қорытындыларына сәйкес 2020-2021 оқу жылына арналған облыстың жетекші мектептері жұмыс жоспарының негізі ретінде бекітілген ұсынымдар әзірлеп, қабылдады.

5.2. Тәжірибені ұлттық деңгейде тарату

«Ауыл мектебі» жобасы

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 8 сәуірдегі тапсырмасына сай Зияткерлік мектептер ДББҰ қызметінің негізгі, стратегиялық бағыттарының бірі - өз **тәжірибесін еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне тарату** болғандықтан, Зияткерлік мектептер осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізуде.

2019 жылы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев: «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе - ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы» деп атап өтті. Ел экономикасы мен қауіпсіздігін дамытуда стратегиялық маңызы бар фактор білім беру сапасы болмақ.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері біздің мектептерде білім беру сапасында үлкен алшақтық бар екенін көрсетті. Осылайша, Қазақстан PISA (2009, 2012, 2015, 2018) 15 жастағы оқушыларды бағалаудан ЭЫДҰ халықаралық бағдарламасына және оқу, жаратылыстану-ғылыми және математикалық сауаттылықтан TIMSS мектептегі білім беру сапасын бағалау жөніндегі IEA халықаралық зерттеуіне төрт рет қатысты (2007, 2011, 2015, 2019). Зерттеу нәтижелері өңірлер, аумақтар (қала-ауыл) арасында оқыту тілі мен отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қатысты үлгерімнің айтарлықтай алшақтығын анықтады. Сонымен, өңірлер бөлінісінде PISA-ның ең төмен және жоғары көрсеткіштері арасындағы айырмашылық 3 оқу жылына сәйкес келеді. Біртұтас мемлекетте бұндай жағдайға жол берілмеуі керек.

Сондықтан ауылдың әлеуметтік-мәдени орталығын қалыптастыратын, оның өмір-шеңдігі мен келешегін айқындайтын ауыл мектебі әр өңірдің дамуында ерекше орын алады.

Қазақстандық мектеп трансформацияны білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу арқылы бастады.

Ауыл мектебі мен оқу үдерісінің ерекшелігінен бастап, бейінді мамандарды даярлауға дейінгі барлық мәселелер кешені білім беру жүйесінің «жанды жері» болып қала береді. Мұғалімдердің жетіспеушілігі, орта және жоғары буында бір мұғалімнің бірнеше пәнді оқытуы, мұғалімдердің біліктілігінің төмендігі, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, ауылдағы қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдайлар – осының бәрі ауыл мектебінің жұмысын кенжелететін жағымсыз факторлардың бір бөлшегі ғана.

Аталмыш мәселелер ДББҰ-ның «Ауыл мектебі» жобасына бастамашылық етуі үшін негізгі себеп болды, оның шеңберінде оқу-тәрбие үдерісіне диагностикалық зерттеу, ауыл мектебінің күшті және әлсіз жақтарын, қажеттіліктерін зерделеу, сондай-ақ сабақтарды бақылау, оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу, оқыту және педагог мамандарды әдістемелік қолдау арқылы оқу мен оқыту сапасын жақсарту үшін ұсынымдар әзірлеу жүргізілді, материалдық-техникалық базаны жақсарту, 15 ауыл мектебінің даму жоспарларын әзірлеуден ұсынымдар берілді:

Қарағанды облысы

1. Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласының О.А. Жәутіков атындағы №1 ОМ
2. Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласының Ә. Ермеков атындағы №2 ЖББМ
3. Қарқаралы ауданы, Көктас ауылының №4 ОМ
4. Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ОМ
5. Бұқар жырау ауданы, Ғ. Мұстафин ауылының Нұра ЖББМ

Қызылорда облысы

6. Сырдария ауданы, Ж. Махамбетов атындағы №143 ОМ
7. Сырдария ауданы, Нағи Ілиясов ауылының Т. Айтбаев атындағы №132 ОМ
8. Жаңақорған ауданы, Құттықожа ауылының №164 ОМ

Шығыс Қазақстан облысы

9. Катонқарағай ауданы, Катонқарағай

ауылының Сейтқамза Ластаев атындағы орта мектебі

10. Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылының Үлкен Нарын ОМ

11. Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов ауылының Р. Мәрсеков атындағы ОМ

Ақмола облысы

12. Бұланды ауданы, Макинск қаласының мектеп-гимназиясы КММ

Солтүстік Қазақстан облысы

13. Қызылжар ауданы, Петерфельд ауылының Петерфельд ОМ

Жамбыл облысы

14. Байзақ ауданы, Қызыл Жұлдыз ауылының Н. Ақшабаев атындағы ОМ

15. Жамбыл ауданы, Ақбұлым ауылының Б. Беспәев атындағы мектеп-гимназиясы

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Негізгі үш бағыт бойынша мектептің мықты және әлсіз жақтарын анықтау:

- оқыту және үйрету,
- мектептегі ахуал,
- мектеп инфрақұрылымы.

Мектептің негізгі қажеттіліктерін анықтау:

- мұғалімдердің біліктілік деңгейін арттыру бағытында,
- материалдық-техникалық базаны жақсарту.

Оқу-тәрбие үдерісінің барлық бағыттары бойынша ауыл мектептерінің жұмысын жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

ЗЕРТТЕУ

Мектептегі педагогикалық және әдістемелік, оқу-тәрбие қызметінің барлық аспектілерінің нәтижелері зерттеу қорытындысына сай мектептерге ұсынылды.

Мектеп әкімшіліктеріне мектепте заманауи білім беру ортасын құру, мектеп кітапханаларының жұмысын қайта қалпына келтіру және оларды оқушылар мен мұғалімдер үшін қосымша білім беру алаңы ретінде пайдалану туралы, педагогикалық ұжымдарға мектеп тәжірибесін жақсарту, кәсіби даму, оқу қызметін жоспарлау, цифрлық ресурстарды белсенді пайдалану туралы ұсынымдар берілді.

1. Ауыл мектептеріндегі оқу-тәрбие үдерісін зерттеу келесі бағыттарды қамтыды:

- 5 жыл ішіндегі білім беру сапасын зерттеу және талдау;

- педагог мамандардың кәсіби қажеттіліктері мен құзыреттіліктері;

- педагог мамандардың мектептегі тәжірибесін жақсартуға байланысты кәсіби кері байланыс пен әдістемелік ұсынымдар бере отырып, пән мұғалімдерінің 790 сабағын бақылау;

- педагог мамандардың сапалық құрамы (біліктілік деңгейлері, жас құрамы, жұмыс өтілі, біліктілік санаттары, оқу жүктемесі, біліктілікті арттыру курстарынан өту және т. б.);

- мектеп үй-жайларының материалдық-техникалық жағдайын талдау;

- сабақтарда қолданылатын білім беру ресурстарын талдау (ЦББР, ЖЭК, басқа электрондық платформалармен және тегін онлайн-ресурстармен жұмыс, мектеп кітапханасының болуы және оның білім беру қызметі және т. б.);

- білім беруді басқарудың алқалы органдарының қызметін талдау;

- 447 оқу кабинеттері мен зертханалардың жағдайы зерделеніп, талданды,

- ауыл мектептерінің педагог мамандары үшін 1500-ден астам оқыту іс-шаралары өткізілді.

2. Мектеп қоғамдастықтарының әлауқаты мен ахуалын зерттеу. 838 (74,3%) педагог маманға, 8-11 сыныптың **1745 (19,6%)** оқушысына, **2 606** ата-анаға, мектеп қамқоршылық кеңесінің **95** мүшесіне, мектеп әкімшілігінің **63** мүшесіне сауалнама жүргізілді.

Ата-аналардың 114 фокус-тобымен, мұғалімдердің 29 фокус-тобымен сұхбат және сауалнама жүргізілді. Сауалнама мектеп қоғамдастығының 2583 респондентімен жүргізілді.

3. Мектептің **447** оқу үй-жайының техникалық жағдайы – **44 мектеп зертханасы, 403 пәндік оқу кабинеті** оқу жабдықтары мен шығын материалдарының болуы, оның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына, ҚР СанЕмН нормаларына сәйкестігі егжей-тегжейлі зерделенді.

Сонымен, ауыл мектептеріндегі мектеп тәжірибесін зерттеу төмендегі жайттарды көрсетті:

1) зерттелінген 5 жылда оқушылардың білім сапасының төмендігі байқалды, әсіресе бастауыш мектептен негізгі мектепке ауысу кезінде айтарлықтай төмендеу байқалады;

2) мұғалімдердің көпшілігі мынадай қиындықтарға тап болады:

- сабақты жоспарлауда белгілі бір сынып оқушыларының қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескермей, интернеттен алынған дайын жоспарларды қолдану;

- сабақтың оқу мақсаты мен күтілетін нәтижелерін атап өту;

- оқыту үдерісінде тапсырмаларды саралау;

- сабақта нәтижелі қызмет түрлерін пайдалану, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту, талдау, синтездеу және бағалау;

- қалыптастырушы бағалаудың түрлері мен әдістерін қолдану;

- сабақтарда кері байланысты тек мұғалім береді;

- жалғыз ресурс – оқулықтар;

- белсенді оқушылармен көп жұмыс жүргізу.

3) кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін мектеп ішіндегі өзара әрекеттесу деңгейінің жеткіліксіздігі;

4) сапалы қосымша білімнің жетіспеушілігі айқын: әрбір төртінші ата-ана оны «қанағаттанарлық» немесе «өте нашар» деп бағалайды;

5) педагог мамандардың 80%-дан астамы белсенді оқыту әдістері, сараланған тәсілдеме, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру (функционалдық оқу дағдылары, қолданбалы сипаттағы міндеттер), қашықтан оқыту, АКТ қолдану және т. б. мәселелерге қатысты біліктілікті тұрақты арттыру қажеттілігін атап өтеді.

Сонымен қатар, зерттеулер басым түстардың да бар екенін көрсетті:

- мұғалімдердің 90%-ға жуығы мектеп көмекке мұқтаж оқушыларды қолдайды деп санайды және өзара ынтымақтастық сапасын оң бағалайды,

- оқушылардың 80%-ы сабақтарда еркін сөйлей алатындарын, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің қолдауын сезінетіндерін атап өтті (балалар да, мұғалімдер де оқу үдерісі аясында өзара әрекеттесуді оң бағалайды),

– мектептің педагог мамандары цифрлық және басқа ресурстардың болмауы сыныптағы оқу сапасына әсер етпейтіндей қылып, мектепте қолайлы және жағымды оқу ортасын қалыптастыруға қабілетті.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ

1. 2020 жылы әдістемелік және практикалық бағыттағы 1680 іс-шара, кеңестер өткізілді:

- оқыту әдістемесі мен технологиясы, бағалау жүйесі жөнінде 210 вебинар;
- пәндік мазмұн және қашықтан оқытуға қатысты 110 семинар;
- критериалды бағалау жүйесін қолдану бағытындағы 41 тренинг;
- 88 шеберлік сабақ;
- педагог мамандардың қиындықтары жайында 326 онлайн кеңес беру (сұраныс бойынша);
- сабақты бақылау қорытындысына сәйкес 905 жеке кеңес беру.

2. Мониторинг нәтижелеріне сәйкес мектептегі оқу қызметінің 14 бағытына сай ұсынымдар берілді:

- мектептерді дамыту жоспарларын құру,
- педагог мамандардың кәсіби дамуы,
- мектеп инфрақұрылымын жақсарту,
- білім беру ортасын қайта құру,
- мектеп мұғалімдерінің командаларын құру,
- мектепішілік тренерлерді ұйымдастыру,
- оқушылардың білім сапасына мониторинг жүргізу,
- қосымша білім беру ұйымдары,
- алқалы органдар (педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, сараптамалық кеңес, тәлімгерлік мектеп (жас мұғалім), ата-аналар комитеті және қамқоршылық кеңес) жұмысының форматы мен мазмұнын жақсарту,
- қашықтан оқыту және ақпараттық сауаттылық,
- оқушылардың әл-ауқатын нығайту,
- мектептерді ынталандыру жүйесін енгізу,
- сабақ арасындағы үзілісте бой жазу минутын ұйымдастыру,

– сайттар мен платформаларда тегін ресурстарды пайдалану.

3. НЗМ және жетекші мектептерде пән мұғалімдерінің тағылымдамасы ұйымдастырылды.

4. Мектеп тәжірибесінің бірлескен зерттеулеріне қатысу.

5. Пәндік қауымдастықтарды қалыптастыру.

6. Әдістемелік құралдардың 360 түрі, «Педагогикалық диалог» журналының 2020 жылғы №1, 2 санынан 90 данасы берілді.

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІ ҮШІН:

– оқу кабинеттерін, зертханалар мен шеберханаларды, кітапханаларды құруға арналған жабдықтар тізімі (166 атау);

– кітапханаға міндетті әдебиеттер тізімі (1 130 атау);

– мұғалімдер мен оқушыларға тегін онлайн білім беру ресурстарына (134 атау) сілтемелер тізімі;

– әр мектеп үшін зерттеу нәтижелерінің толық ЕСЕБІ ӘЗІРЛЕНДІ.



Жоба аясында бағалау сұрақтарына қатысты мынадай іс-шаралар өткізілді:

– «Критериалды бағалау құралдарын әзірлеу» атты оқыту курсы;

– «Сабақта қалыптастырушы бағалауды қолдану» атты оқыту курсы;

– 4 және 8-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бақылау.

Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарының 14 ауыл мектебінің 882 мұғаліміне пәндер кесіндісіндегі оқыту курстары ұйымдастырылды. Курстар мұғалімдердің бағалау құралдарын әзірлеу және пайдалану, сабақта қалыптастырушы бағалаудың тиімді әдістерін қолдану және бағалау нәтижелеріне сәйкес оқушыларға сындарлы кері байланыс беру құзыреттіліктерін дамытуға және дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Ауыл мектептерінің педагог мамандары үлкен белсенділік пен қызығушылық танытты, қызмет барысында туындайтын сұрақтарға жауап алды, курстардың практикалық маңыздылығын және еліміздің шалғай аудандарында жұмыс істейтін педагог мамандарға әдістемелік қолдау көрсететінін атап өтті.



7 ауылдық мектептің 621 оқушысының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізілді, оның ішінде 4 мектеп Қарағанды облысында (4-сынып - 175, 8-сынып - 129) және 3 мектеп Қызылорда облысында (4-сынып - 180, 8-сынып - 137).

Мониторингтің негізгі мақсаты - атаулы педагогикалық қолдау көрсету мақсатында оқушылардың өзекті білімі мен дағдыларының деңгейін анықтау.

Мониторингті жүзеге асыру үшін 220 тест тапсырмасы әзірленіп, сараптамадан өтті, мектептер инспекциясы өткізілді.

Кесте. Мониторинг құрылымы

Сынып	Пән	Тапсырмалар саны	Максималды балл	Тесттің ұзақтығы
4	Математика	20	20	40 минут
	Жаратылыстану және әлемді тану	20	20	40 минут
	Қазақ / Орыс тілі (Т1)	20	20	40 минут
8	Математика	40	40	80 минут
	Қазақ / Орыс тілі (Т1)	20	20	40 минут
	Қазақ тілі / Русский язык и литература (Т2)	20	20	40 минут
	Ағылшын тілі	20	20	40 минут

Мониторинг нәтижелерінен кейін оқушылардың жауаптары статистикалық өңдеуден өтті, оның нәтижелеріне сәйкес оқушылар мен барлық мүдделі тараптарға келесі деректер берілді:

- әрқайсысы толық талданған 2 125 есеп;
- сыныптар деңгейінде нақты талданған 49 есеп;
- мектептер кесіндісіндегі мониторингтің жалпы қорытындылары.

АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕР

ДББҰ-мен бірлескен жоба ауыл мектептерінің басшылары мен мұғалімдеріне қала және ауыл мектептері арасындағы білім беру нәтижелеріндегі айырмашылықтарды жоюға мүмкіндік беретін жақсы алаң болып отыр.

1. Жалпы алғанда, жобаны жүзеге асыру қорытындыларынан мына нәтижелер байқалды:

- жобаның әрі қарай жүзеге асуына

педагог мамандардың қызығушылығы;

- педагог мамандардың кәсіби дамуына аудандық білім бөлімінің қолдау көрсетуі;
- жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагог мамандардың біліктілігін арттыру курстарынан өту белсенділігі;
- көрсетілген әдістемелік көмектің пайдасы және тәжірибелік бағыты;
- оқу мен оқытуда мектеп тәжірибесін жетілдіру;
- мектеп менеджменті мен ахуалды жақсарту;
- білім беру ортасындағы оң өзгерістер;
- жергілікті және бизнес қауымдастықпен ынтымақтастық орнату.

Қашықтан білім берудің сабақтары мен тәжірибесі:

- цифрлық кеңістікті кеңейтеді,
- өңіраралық және халықаралық деңгейде ынтымақтасуға, оқуға мүмкіндік береді,
- білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының АКТ құзыреттіліктерін дамытады,
- еркін формат мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамытады,
- интроверт балалар, ұялшақ оқушылар және т. б. балалар ашылады,
- оқу кестесінің жеке тәсілдемесі мен икемділігі.

Мұғалімдердің пікірінше дәстүрлі оқытуға оралған кезде онлайн оқытудың болашағын мына жағдайлардан көруге болады:

- Мұғалім мен оқушының жобалық жұмысының ауқымын кеңейту.
- Қолайсыз ауа-райы жағдайында оқу мүмкіндігі. Оқушылармен жеке жұмыс істеу мүмкіндігі.
- Аралас оқытуды жүзеге асыру мүмкіндігі.
- Басқа мектептермен, ұйымдармен өзара әрекеттесу. Желілік қауымдастықтарды құру.

2. Ауыл мұғалімдерінің мектеп тәжірибесіндегі жаңа жұмыс формасы:

- сабақтарды өзара бақылау,
- кәсіби кері байланыс беру,
- сабақты бірлесіп жоспарлау тәсілдемелері (тік және көлденең),
- оқытудың белсенді әдістерін енгізу,
- сабақта интерактивті технологияларды қолдану,
- сабақта сараланған тәсілдемені

қолдану,

- заманауи білім беру ресурстарын пайдалану,
- мектеп тренерлерінің жұмысын ұйымдастыру арқылы мектептің өз әлеуетін арттыру,
- желілік кәсіби қоғамдастықтарды құру және оларды дамыту,
- командалық жұмыс,
- қашықтан оқытуды ұйымдастыру,
- педагог мамандардың АКТ қолдану дағдыларын дамыту,
- қашықтан оқыту жағдайында ата-аналармен өзара байланыс орнату нұсқалары.

3. «Педагогикалық диалог» журналында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы ауылындағы №1 мектептің директоры С.К. Құсайыновтың «Ауыл мектебі» сәтті қадамдары» атты мақаласы жарияланып, жобаның алғашқы қадамдары атап өтілді:

- жоба мектеп жұмысының мазмұнына заманауи рух пен жаңа ағым әкелді;
- әкімшілік жұмысында жүйелілік пайда болды,
- мектеп мәселелерін шешуде командалық тәсілдеме ақталды,
- мұғалімдер мен оқушылардың, ата-аналардың көңіл-күйіне жақсы әсер ететін оң өзгерістер.

4. Жобаға жоспарланған **2,45 млрд теңге** инвестицияның **іс жүзінде 1,17 млрд теңгесі (48%)** тартылды, оның ішінде:

- 6 мектепке арналған мектеп жабдықтарын жеткізуге (инженерия, информатика, робот техникасы, көркем еңбек, аспаздық кабинеттері және кітапхана) - 352 500 000 теңге,
- 9 мектепте күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге - 817 437 357 теңге жұмсалды.

5. ДББҰ шығындары ЖБ және инвесторлар қаражатынан 6 153 220 теңгеге өтелді.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

1. Біліктілікті арттырудың базалық курстарында одан әрі оқыту;

2. 500 әдістемелік оқыту іс-шараларын өткізу (*негізінен қашықтан оқыту форматында: кәсіби кері байланыс бере отырып сабақтарды бақылау, әдістемелік қиындықтар мәселелері жөнінде педагог маман-*

дарға тұрақты негізде кеңес беру, оқытудың белсенді әдістерін пайдалану, үлгерімі нашар балалармен және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу, мұғалім тәжірибесінде рефлексия жасау, оқушылардың АКТ-құзыреттіліктерін дамыту, сабақты жоспарлау, оқушыларды оқыту үдерісінде дербестік дағдыларын дамыту семинарлары);

3. Педагог мамандарға курстан кейін қолдау көрсетуді жалғастыру, мұқтаждықтарына қарай барлық педагог маманға 100% кеңес беру (993 адам, 2020 ж. қыркүйек-желтоқсан, 2021 ж. қаңтар-сәуір);

4. Мектеп әкімшілігі, физика, химия, биология пән мұғалімдері және зертханашылар үшін оқу үдерісін ұйымдастырудан тағылымдамалар; барлығы 585 педагог тағылымдамадан өтеді.

5. Оқушыларды оқуға ынталандыру үшін оқыту алаңдары ретінде мектеп инфрақұрылымы мен білім беру ортасын қайта ұйымдастыру.

6. Қосымша: әдістемелік құралдардың 270 атауын, 2020 ж. қыркүйек-желтоқсан, 2021 ж. қаңтар-сәуір беру.

«ONLINE МЕКТЕР» ЖОБАСЫ

2020 жылдың маусым айында ДББҰ цифрлық оқыту саласындағы «Bilim Media Group» ЖШС инновациялық компаниясымен бірлесіп, еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушыларына арналған Online Мектеп онлайн оқу платформасына арналған цифрлық контентті әзірлейтін жобаны жүзеге асырды.

Бұл жобаның негізгі мақсаттары әр оқушы үшін сапалы білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, жеке даму траекториясын құру және оқушылардың жетістіктерін бақылау мүмкіндігі болып табылады.

Online Мектеп бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес 1-11-сыныптардың барлық оқу пәндерінен цифрлық білім беру мазмұнын қамтиды.

Платформаның идеяларына сәйкес әр сабаққа конспект, сызба, интеллект карталары және т.б. түрінде теориялық материалдар әзірленді. Сабақтың практикалық бөлігі деңгейлік тапсырмалар түрінде берілген: бастауыш мектепке арналған 9 тапсырма және негізгі және жоғары мектептерге арналған 18 тапсырма. 3 деңгейлік

тапсырма (А - базалық деңгей, В - орташа деңгей, С - жоғары деңгей) функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін қажетті дағдыларды дәйекті және жүйелі дамытуға мүмкіндік береді.

Сайтта сабақ мазмұнын ұйымдастырудың деңгейлік жүйесі ұсынылған. Сабақтарды әзірлеу кезінде тапсырмаларға негізделген (task-based learning) оқыту қағидаты негізге алынды. Белгілі бір деңгейдегі тапсырманы орындайтын оқушы белсенді танымдық үдеріске қатысады. Әрбір тапсырма «Білген маңызды» және «Түсіндіру» айдарларымен бірге қысқа теориялық материал түрінде жүреді, бұл оқушыға сабақ тақырыбынан білімдерін бекітуге және тапсырмаларды мағыналы орындауға көмектеседі.

Материалды игерудің әртүрлі деңгейімен оқу қарқынын ескере отырып, оқушыға платформадағы материалдарды жекеше зерттеуге мүмкіндік беріледі. Бұл өз кезегінде өткен материалды сапалы бекітуге, сондай-ақ жеке оқу кестесін құруға мүмкіндік береді.

Online Мектеп-ке 500-ден астам мұғалім, соның ішінде еліміздің Зияткерлік және жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері тартылған. 1-11-сыныптар үшін 1-4 тоқсан аралығында әзірленген сабақтардың жалпы саны 24 074-ке жетті. 2020 жылдың маусымынан бастап ДББҰ 18 406 сабақ сценарийлерін әзірледі. Жұмыс жалғасуда.

Онлайн-платформа еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары үшін 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап жұмыс істейді. Қазіргі уақытта Online Мектеп-ке қосылған мектептер саны - 3 594, 1 қыркүйектен бастап барлығы - 2 390 000 000 рет қаралды.

«АҚБӨБЕК» ОО» ЖШС БАСТАУЫШ МЕКТЕБІНДЕ NIS-PROGRAMME БАҒДАРЛАМАСЫН СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ» ЖОБАСЫ

ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес және білім беру сапасын арттыру мақсатында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде NIS-Programme білім беру бағдарламасын енгізу көзделген.

NIS-Programme бағдарламасын енгізу үміткер мектептің үш міндетті кезеңнен өтуін қарастырады: қарап тексеру, дайындық кезеңі, пилоттық енгізу.

Қазіргі уақытта NIS-Programme бағдарламасын енгізу Ақтөбе қаласындағы «Aqbobek International School» ЖШС (бұдан әрі - AIS) бастауыш сыныптарында жүргізілуде.

2020 жылғы тамыз бен желтоқсан аралығында БББО NIS-Programme бағдарламасының ерекшеліктеріне қатысты 16 семинар өткізді, арнайы мониторингтік сапар ұйымдастырды, ал қазіргі уақытта онлайн режимінде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетеді.

NIS-Programme бағдарламасының ерекшеліктеріне қатысты онлайн режимдегі оқыту семинарлары

Оқыту семинарларының мақсаты – мұғалімдердің бастауыш мектеп пәндерінен NIS-Programme бағдарламасының ерекшеліктерін түсінуін; оқыту мақсаттарына қол жеткізуді ескере отырып, сабақтарды жобалау дағдыларын; оқытудың әртүрлі нысандарын ұйымдастырудағы шеберлік пен сабақта оқытудың белсенді әдістерін қолдана білу дағдысын қалыптастыру.



Сурет. Ақтөбе қаласындағы «Aqbobek International School» ЖШС-ның оқытудан өткен мұғалімдер саны

Кіріспе оқыту семинарлары Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1), Русский язык и литература (Я1), Дүниетану, Ғылымға кіріспе, Математика, Қазақ тілі (Т2), Русский язык (Я2), Ағылшын тілі, АКТ, Өнер, Дене шынықтыру пәндерінен, сондай-ақ үштілді оқыту пәндерінен өткізілді.

Семинарға қатысушыларға электронды түрдегі семинар материалдары, таныстырылымдар және үлестірме материалдар ұсынылды.

Пәндерден көшпелі оқыту семинарлары

Оқыту семинарларының екінші кезеңі 2020 жылдың 27-28 тамыз аралығында өткізілді. Семинарлар мұғалімдердің бастауыш мектеп пәндерін ортақ тақырыптар арқылы кіріктіру, сондай-ақ оқушылардың оқу және математикалық сауаттылығын дамытудан білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

AIS-пен серіктестікті одан әрі нығайту мақсатында БББО NIS-Programme бағдарламасына сәйкес бастауыш мектеп пәндерінің оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары және әдістемелік құралдардың көрмесін дайындады. Барлық материалдар серіктес мектепке ақысыз негізде берілді.





Сурет. Семинарлар мен оқу бағдарламаларының иллюстрациясы

Онлайн режимінде әдістемелік қолдау көрсету

AIS бастауыш мектеп мұғалімдеріне онлайн режимде NIS-Programme бағдарламасын енгізуге байланысты әдістемелік қолдау көрсету мақсатында Microsoft Teams алаңында бастауыш мектеп пәндері мен үштілді оқытудан үздіксіз онлайн қолдау көрсететін 9 команда құрылды.

MS Teams алаңына бастауыш мектептің барлық пәндерінің оқу мақсаттарын түсіндіретін бейнероликтер жүктелді; нұсқаулық материалдар; тиісті оқу апталарына сәйкес сабаққа дайындық кезінде пайдаланатын оқу-әдістемелік материалдардың толық жиынтығы (таныстырылымдар, жұмыс парақтары, бейнематериалдар, БЖБ тапсырмалары және басқа да әзірлемелер); қашықтан оқыту ерекшеліктерін қамтитын әдістемелік ұсынымдар; сабақтарды жоспарлау мен өткізуден шеберлік сабақтарының материалдары ұсынылды.

Мектеп мұғалімдеріне кеңес беру

Онлайн қолдау көрсету барысында

консультациялық көмек көрсету және тәжірибе алмасу мақсатында AIS мұғалімдеріне арналған 35 жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыстар, бірінші кезекте, мектеп мұғалімдерінде NIS-Programme бағдарламасын жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелер мен қиындықтарды шешуге бағытталған. Оқу мақсаттарын әртүрлі оқу әрекеттері арқылы жүзеге асыру жолдары, оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлері мен дескрипторларды жасау; сабақтың уақытын басқару түсіндірілді. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің өтініштеріне сәйкес мектептің желілік ресурстарына пәндерден қосымша материалдар мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жүктелді.

Мектепке мониторингпен бару

2020 жылдың желтоқсан айында Ақтөбе қаласындағы AIS-қа алғашқы мониторингтік сапар өткізілді.

Сапардың мақсаты - NIS-Programme бағдарламасын 1-3-сыныптарда енгізуге бақылау жүргізу және бастауыш сынып мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету. Мониторингтік зерттеу барысында БББО командасы **74** сабақты бақылап, әкімшілікпен, мұғалімдермен және 1-3-сынып оқушыларымен әңгімелер ұйымдастырды; оқушылардың **102** жұмыс дәптеріне мазмұндық талдау жүргізілді; бастауыш мектеп мұғалімдері үшін **19 шеберлік сабағы** өткізілді.

Мониторинг мұғалімдердің NIS-Programme білім беру бағдарламасының моделін толық түсінбеуі; сабақтарда белсенді оқыту әдістері, зерттеу тәсілі мен саралауды жүйесіз пайдалану; сабақ үшін әзірленетін оқу материалдарының бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі сияқты ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Мониторинг нәтижелеріне сәйкес оқу бағдарламасының оқу мақсаттары негізінде сабақ мақсаттарын тұжырымдау; сабақта саралап оқытуды қолдану, оқушылардың бастапқы зерттеушілік талдау және түсіндіру дағдыларын қалыптастыратын тапсырмалар жасау; коммуникативтік тәсілді пайдаланудан шеберлік сабақтары өткізілді.


Сарапшылар тобы мұғалімдердің оқыту тәжірибесін жақсартуға ашықтығы мен дайындығын, мұғалімдерді ынталанды-

ратын оқушылардың білімқұмарлығы мен жаңа білім алуға деген талпынысын атап өтті. Сапар қорытындысына сәйкес NIS-Programme бағдарламасын енгізу үдерісін одан әрі жетілдіру жолдары айқындалды.

ПӨО бағалау рәсімдерін жүргізу және бағалау жүйесін енгізуге әдістемелік қолдау көрсету шеңберінде мұғалімдерге арналған оқыту семинарлары:

1. «Критериалды бағалау тәсілдемесі» Microsoft Teams платформасында онлайн форматта қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді.

2. Ақтөбе қаласындағы «Ақбөбек» оңалту орталығы» ЖШС базасында «Бағалау құралдарын әзірлеу және сараптау» тақырыбында өтті.



3. Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1), Қазақ тілі (Т2), Русский язык (Я1), Русский язык (Я2), Математика, Ағылшын тілі, Дүниетану, Информатика, Өнер, Жаратылыстану, Ғылымға кіріспе пәндері мен сыныптар кесіндісінде 1 және 2 тоқсандағы **жиынтық бағалаудың 810 тапсырмасына** сараптама жүргізілді.

Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау аясында рәсімдерді

ұйымдастыру және өткізу мәселелерін қамтитын әдістемелік онлайн-қолдау көрсетілді. Мұғалімдердің қызмет бағыттарына сәйкес: бағалау құралдарын әзірлеу және сараптау, қашықтан оқыту жағдайында оқушыларды бағалау, тілдік пәндерді бағалау ерекшеліктері және т.б. сұрақтары қарастырылды.

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-мен бірлескен жоба

2020 жылдың тамыз айынан бастап ДББҰ және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында Қарағанды облысының Жезқазған, Балқаш, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының жалпы білім беретін мектептерінің педагог мамандарын кәсіби дамыту жұмысы басталды.

Бұл жобаның негізгі мақсаты педагог мамандардың кәсіби біліктілік деңгейін, осы өңірлердегі білім деңгейін арттыру үшін оларға әдістемелік қолдау көрсету болып табылады. Жоба ауылдық шағын жинақты мектептерімен қатар Қарағанды облысының ең шалғай өңірлерін де қамтуға мүмкіндік берді. Жобаға ПШО мен оның Қарағанды қаласындағы филиалының жетекші тренерлері қатысады. Жобаны жүзеге асыру барысында ПШО тренерлері вебинарлар өткізу мен әдістемелік кеңестер беру арқылы әдістемелік қолдау көрсетті. Филиал өткізген іс-шаралар педагог мамандардың жаңа нысандар, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін меңгерудегі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ қашықтан оқыту жағдайында жұмысқа дайындығына бағытталған.

2020 жылдың тамыз-желтоқсан айлары аралығында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-мен жүргізілетін жоба аясында 67 семинар мен вебинар өткізіліп, 1522 адам оқытудан өтті. Вебинарлардың негізгі тақырыптары оқушыларды тиімді оқытуға арналған ақпараттық платформаларды пайдалануға, қашықтан оқыту жағдайында сабақтарды тиімді жоспарлауға, Google құралдарын пайдалануға және т. б. бағытталған. Әдістемелік қолдау көрсету шеңберінде критериалды бағалаудан Демалыс кезіндегі мектеп өткізілді, оған Жезқазған, Балқаш, Сәтбаев қалаларынан, Ұлытау ауданынан 359 педагог қатысты.

Жоба 2021 жылдың шілдесіне дейін жалғасады.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ұйымның стратегиялық маңызды міндеттерінің бірі – әлемдік қауымдастыққа кіру, ДББҰ білім беру жүйесін халықаралық білім беру кеңістігімен деңгейлестіру және оған біртіндеп кіріктіру.

Осылайша, ДББҰ:

– Қазақстан тарапынан ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру – 2030» жобасының ұлттық үйлестірушісі.

– Дүниежүзілік робот техникасы ұйымының (WRO) ұлттық үйлестірушісі.

– Дүниежүзілік сабақты зерттеу ұйымының (WALIS) ұлттық үйлестірушісі.

ДББҰ тәжірибесін тарату қызметін кеңейту арқылы Орта Азия мен Ресейдің қосалқы аймақтық деңгейіне шығу, Еуропалық Одақпен, Дүниежүзілік банкпен және Қазақстан мен Тынық мұхит аймағындағы (ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЮНФПА және т. б.). БҰҰ бөлімшелерімен ынтымақтасу сияқты беделдік және саяси артықшылықтарға қол жеткізуге болады.

ДББҰ тәжірибесін тарату аясында халықаралық деңгейдегі маңызды жұмыстар мен бірқатар жобалар жүргізілуде, ол ДББҰ қызметінің тиімділігін арттыруға әсер етеді. Осы қызметтің экономикалық тиімділігі кіріс көздері мен қаржыландыру көздерін әртараптандырудан көрінеді.

Еуропалық Одақтың «Түрікменстандағы білім беру жүйесіне қолдау көрсету» жобасымен ынтымақтастық

Еуропалық Одақтың Орта Азияға арналған жаңа стратегиясы ішкі және жаһандық даму тұрақтылығын нығайтуға, сондай-ақ тиімді қайта құрудағы әлеуетті арттыруға бағытталған.

Еуропалық Одақ Төртінші өнеркәсіптік революция мәселелерін шешу және 21 ғасырда кәсіби біліктілікке қол жеткізуге қажетті шарт ретінде адамдарға инвестиция жасауға үлес қосуда.

Білім беру – Қазақстанның Еуропалық Одақпен ынтымақтастығының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан білім беруді жаңғыртудан әлемнің көшбасшылары ондығына кіреді. ДББҰ – бұл жетістікке жету жолының бір бөлігі болып табылады және адамдарға инвестиция жасаудың ұзақ мерзімді міндеттемесін көрсетеді.

Қазақстанның жергілікті контекстті үздік әлемдік әдістер мен зерттеулермен біріктіру тәжірибесі бар. ЕО жобасы үшін Назарбаев

Зияткерлік мектептерінің Түрікменстан үшін бәсекеге қабілетті ұсынысы бар екендігі жаңалық болмады.



2018 жылы ДББҰ мен Еуропалық Одақтың «Түрікменстандағы білім беру жүйесіне қолдау көрсету» жобасы арасында білім беру саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Жобаны Еуропалық Одақтың мақсатты бағдарламасы аясында Грекия, Германия, Ұлыбритания және Латвия компанияларының консорциумы жүзеге асырды. Жобаның мақсаты Түрікменстанға халықаралық стандарттарға сәйкес келетін білім берудің инновациялық моделін құруға көмектесу болып табылады.

ДББҰ-ның Түрікменстандағы жобамен жұмысы шарт негізінде үздік ұлттық, халықаралық тәжірибе мен орта білім беру саласындағы практикалық бағыттағы маңызды ғылыми жетістіктерді біріктіру арқылы жүргізілді.



2020 жылы Түрікменстан педагог мамандарын заманауи сабақты жоспарлау, бақылау және рефлексиялаудың заманауи тәсілдерімен таныстыру мақсатында 5 күндік күндізгі үш семинар өткізілді. Семинар барысында қатысушылар жоспарлау құралдары мен оқытудың жаңа тәсілдерін қолдана отырып, тиімді сабақты

жоспарлау және әзірлеу алгоритмдерін анықтады; сабақты бақылау және рефлексия құралдарын жасады; сабақ барысында жүзеге асырылатын тиімді кері байланыстың негізгі қағидаттарын анықтады.

2020 жылғы 3 наурыз бен 31 мамыр аралығында ПШО сарапшы-тренерлері Грекия мен Түрікменстанның білім беру сарапшыларымен бірлесіп отырып, Түрікменстан педагог мамандарына арналған «Білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» семинарын әзірледі. Әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға және мемлекеттер арасындағы қозғалыстың шектелуіне байланысты жұмыс онлайн-форматта өтіп, команданың күнделікті кездесулерін, вебинарларды өткізуді және ресурстарды бірлесіп әзірлеуді қамтыды.

Соңында қазақстандық сыртқы сарапшы тарапынан әзірленген семинар бағдарламасына білім беру өнімі ретінде жоғары баға беріліп, тәуелсіз сараптамалық қорытынды шығарылды.

2020 жылдың мамыр айынан қыркүйек айына дейін Түрікменстан педагог мамандарына арнайы оқыту семинарларын одан әрі ұйымдастыру және өткізу мақсатында Түрікменстан тренерлерін оқыту арқылы «Тиімді сабақ: жоспарлау, бақылау, рефлексия» біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасын әзірлеуге ПШО сарапшы-тренері тарапынан қолдау көрсетілді. Онлайн-форматтағы бірлескен жұмыс материалдарды әзірлеуді, оқыту вебинарларын өткізуді, сондай-ақ Moodle платформасында материалдар мен біліктілікті арттыру бағдарламаларын орналастыруды қамтыды.

2020 жылы Түрікменстанда білім беру саласы қызметкерлерінің ішінен барлығы 173 тыңдаушы оқытылды. Барлық қатысушылар сертификаттар алды.

Ресей Федерациясының ЮГРА - Ханты-Мансийск автономиялық округімен байланысты жоба

2020 жылдың қарашасы мен желтоқсаны аралығында ACQUIN (Германия) аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтының халықаралық сертификаты бар оқыту әдістемесі мен технологияларынан біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасы негізінде әзірлен-

ген Югра - Ханты-Мансийск автономиялық округінің 450 педагог қызметкерін оқытумен байланысты «Тиімді оқу және оқыту» онлайн-курсы ұйымдастырылып, өткізілді.

Курс бағдарламасы тиімді оқу және оқыту идеяларын жүзеге асыру үшін мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіруге бағытталған және педагог қызметінің негізгі бағыттары (оқу үдерісін ұйымдастыру; сабақты жоспарлау және талдау; оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау) шеңберінде педагогикалық тиімділік туралы түсінікті береді.

Оқытуды вебинарлар өткізуге арналған ZOOM сервисін пайдалана отырып, ПШО-ның www.sdo.cpm.kz онлайн-платформасында ПШО-ның 18 сертификатталған тренерлері мен тьюторлары өткізді.

Оқытылатын тақырыптар мазмұны аясында, кестеге сәйкес, тренерлер 48 сағаттық 20 оқу вебинарлары мен консультациялар (жеке, топтық) жүргізді.

ДББҰ-ның бастамашыл іс-шараларының бірі **«Білім берудегі дағдарыстық менеджмент: жаңа тәжірибе мен практика»** халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы болып табылады (Нұр-Сұлтан, Орал, Алматы ққ). Конференция Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясымен бірлесіп өткізілді. Конференцияның спикерлері қатарында 8 елдің - Қазақстан, Беларусь, Украина, Ресей, Армения, Сингапур, Польша және Қырғызстанның тиімді менеджерлері, ғалымдары мен тәжірибешілері болды.



Конференцияға жетекші кадрларды даярлаумен айналысатын білім беру ұйымдарының - мектептердің, колледждердің, жоғары оқу орындарының, білім беру орталықтарының басшылары мен менеджерлері қатысты. Конференцияда дағдарыс

жағдайында көрініс тапқан басқару және білім беру мәселелері талқыланды, ұйымдардың дағдарысқа қарсы алуан түрлі тиімді әрі қызықты басқару тәжірибесі, қазіргі жағдайдағы білім беру ұйымдарындағы көшбасшылық және командалық жұмыс мәселелері, сондай-ақ кәсіби ортаны басқару жағдайы туралы баяндамалар ұсынылды.

«Білім беретін саяхат» жобасы



Lesson Study Kazakhstan – қазақстандық мектептерде сабақты зерттеу идеяларын тарату мақсатында 2020 жылы «Білім беретін саяхат» халықаралық жобасы аясында «Сабақты зерттеу: Жапон мектептерінің тәжірибесі» атты (Токио қ.) екінші көшпелі семинар ұйымдастырылып, өткізілді. Білім беретін сапардың мақсаты жапондық білім беру жүйесінде Lesson Study («Сабақты зерттеу») ұйымдастыру және

өткізу тәжірибесін зерттеу болды. Білім беретін сапарға қатысушылар Жапонияның Ұлттық білім беру саясаты институтының (NIER) және Азабу білім беру институтының сабақты зерттеу саласындағы жетекші мамандары Жапонияның Білім министрлігі базасында ұйымдастырылған семинарларға қатысты. Қатысушылар Inaridai бастауыш мектебінде (Йокогама) және Kamitabashi орта мектебінде сабақтарды талқылауға қатысты. Сабақтарды талқылауға Токионың әртүрлі мектептерінің мұғалімдері қатысты, өйткені Kamitabashi Lesson Study саласындағы сарапшы мектеп болып табылады.

Білім беру сапарына қатысушылар Сабақты зерттеу (Lesson Study) тәсілдемесін қолдану әдісімен іс жүзінде танысты, олардың осы мәселеге қатысты білімдерін тереңдетуге, сабақтарды бақылау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндігі болды, бұл олардың кәсіби дамуына сөзсіз ықпал етеді.

Дүниежүзілік Банктің «Орта білімді жаңғырту: ҚР орта білім берудегі оқу жетістіктерін бағалауды жетілдіру» жобасы

Қазіргі уақытта ҚР БҒМ Дүниежүзілік банктің қолдауымен «Орта білімді жаңғырту» жобасы (бұдан әрі – жоба) аясында заманауи сыртқы бағалау жүйесін (ҰБТ және ОЖСБ) әзірлеуге бағытталған реформаларды жүзеге асыруда.

Жобаның мақсаты – орта білім беру сапасын, оған бірдей қолжетімділікті арттыру.

Жобаның бенефициарлары көптеген мүдделі тұлғалар (мұғалімдер, әкімшілік, ауылдық жалпы білім беретін және шағын жинақты мектептердің оқушылары, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар, оқу көрсеткіштері төмен мектептер, педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО) болып табылады, ол жобадан күтілетін әлеуметтік нәтижелерді айтарлықтай арттырады.



Сурет. Жобаның өзекті оқиғаларының хронологиясы

Жобаны жүзеге асыруға арналған конкурсқа қатысу үшін Кембридж бағалау кеңесі мен ДББҰ Педагогикалық өлшеулер орталығы серіктестік қатынастарды анықтайтын консорциумға кірді. Үміткерлер арасында консорциуммен қатар ACT Inc (АҚШ), Cito BV (Нидерланд), American Institute for Research (АҚШ), School-to-School International (АҚШ) сияқты компаниялар болды, сонымен қатар EduCon (Қазақстан) және Docetis International (Ұлыбритания) компанияларымен бірлесе отырып Astana School of Business and Technology (Қазақстан) қатысты.

Конкурстық құжаттарды (техникалық және қаржылық ұсыныстар) дайындау барысында айтарлықтай жұмыс жүргізілді. Консорциумның қызметі мен құрылымдары, оқыту және бағалау саласындағы тәжірибесі, мақсаты, бағалау жүйесін жетілдіру тәсілдемесі мен әдіснамасы, егжей-тегжейлі жұмыс жоспарына қатысты таныстырылымдар жасалып, барлық қажетті біліктері бар ұлттық және халықаралық деңгейдегі өзекті және қатардағы сарапшылардан тұратын команда ұсынылды. Осылайша, барлық техникалық ұсыныстардың ішінен Дүниежүзілік Банктің байқау комиссиясы Кембридж бен ПӨО консорциумын финалист деп анықтады.

Жобаны жүзеге асыру 26 айға жоспарланып, келесі нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:

- ағымдағы бағалау жүйесіне талдау жүргізу;
- ОЖСБ стандарттарын жаңарту;
- ҰБТ стандарттарын жаңарту;

- кемінде 470 тест әзірлеушісін оқыту;
- екі рет пилоттаудан өтетін ОЖСБ және ҰБТ тест тапсырмаларының (кемінде 24 000) қорын жасау;
- тесттерді басқару нұсқаулықтарын әзірлеу;
- ҰТО-ның кем дегенде 40 маманын (үйлестірушілер, IT-мамандар, статистика мамандары және т. б.) оқыту;
- тестілік деректер мен рәсімдерді басқаратын IT-платформаны жетілдіру;
- арнайы білім берудегі бағалау қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Білім беру бағдарламалары орталығы ДББҰ жұмысын ЭЫДҰ халықаралық алаңында үйлестіреді.

- «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру - 2030» жобасы аясында тұжырымдамалық құжатты әзірлеуге қатысу.

- ҚР жаңартылған оқу бағдарламаларына жалпы салыстырмалы талдау жүргізу.

- ЭЫДҰ жобасының жұмыс топтарына және Жаһандық форумдарға қатысу, оның ішінде НЗМ оқушыларының да қатысуы.

- НЗМ оқушылары мен мұғалімдерінің 5 бейнеролигі жобаның ресми сайтында жарияланды. <http://www.oecd.org/education/2030-project>

- 2020 жылы Global Teaching Insights бастамасында мұғалімнің бейнеролигі онлайн оқыту кезеңінде мұғалімнің рефлексиялық тәжірибесінің үлгісі ретінде таңдалды. https://www.globalteachinginsights.org/media/Aliya+from+Kazakhstan/1_33kd4969/186022973

ҚОРЫТЫНДЫ

ДББҰ тәжірибесін тарату қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың жаңа кезеңі болды. Отандық білім беру жүйесінің жаңартылған білім беру мазмұнына көшуі білім беруде құзыреттілік тұрғысынан алғандағы педагог мамандардың жұмысына, білім беру үдерісінің дербестену жағдайында олардың жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыруға жаңа талаптар қояды. ДББҰ-ның өңірлермен өзара түсіністік туралы меморандумдар негізіндегі ынтымақтастық аясындағы болашақ жоспарлары:

1) 2023 жылға дейін 2 000 Жетекші мектеп желісін құру (инновациялық оқыту әдістері мен технологияларының таратушысы, үздік педагогикалық тәжірибе орталықтары), олардың базасында басшылардың, бастауыш мектеп мұғалімдерінің, пән мұғалімдерінің желілік қоғамдастығы құрылып, олар ДББҰ-мен бірігіп білім берудегі инновацияларды алға жылжитатын болады. 2000 жетекші мектептің санын арттырмай, әлеуетін барынша дамыту, серіктес мектептерге әдістемелік қолдау көрсетуді дербестендіру;

2) әрбір облыс орталығында инновациялық педагогикалық әдіс-тәсілдерді, тиімді мектеп тәжірибелерін енгізу мақсатында семинарлар мен тренингтер жүйелі түрде өткізілетін алаң ретінде Жетекші мектептердің қатарынан 10 «үлгілі мектепті» құру;

3) ЖАОК ДББҰ-ны халықаралық алаңда ілгерілетуге мүмкіндік береді. 2021 жылы Coursera, EdX және т. б. платформаларда ЖАОК әзірлеу және іске қосу жоспарланған. ЖАОК әзірлеу және іске қосу тәжірибесі сапалы контентті «ыңғайлы» форматқа «жинақтап», оқудан өтушілер санын арттыруға болатындығын көрсетті;

4) 2021 жылы микро-оқыту және өзара бақылау элементтерін қосудың арқасында онлайн-курстардың практикалық бағытын нығайту;

5) «Ауыл мектебі» жобасының тәжірибесін еліміздің басқа өңірлеріне тарату (өңірлердің сұраныстарына сай);

6) педагогикалық жоғары оқу орындары және колледждер мен жаңартылған бағдарламаларды енгізу және педагогикалық тәжірибе форматын жетілдіру бойынша ынтымақтастық орнату мәселесіне байланысты Ы. Алтынсарин атындағы ҰББА-мен өзара әрекеттестікті күшейту.

Теруге 19.05.2020 берілді. Басуға 22.06.2020 қол қойылды.
Пішімі 84x108/16. Кеңсе қағазы 80 г/м². Сандық басылым.
Шартты б. т. 3,78. Таралымы --- дана. Тапсырыс № ---

«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
e-mail: info@cpm.kz